

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: мектепалды даярлық «а» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеге жасалды: 02.12–06.12

Күн-режимі	Дүйсенбі 02.12	Сейсенбі 03.12	Сәрсенбі 04.12	Бейсенбі 05.12	Жұма 06.12
Балаларды қабылдау	<p>Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында желтоқсан «Бірлік пен ынтымақ» айы. ҚР Әнұранын тыңдау. Күй күмбірін тыңдау.</p> <p>«Эхо» сәлемдесуі</p> <p>Мақсаты: топта сенім атмосферасын құруды жалғастыру; топтық үйлесімділік пен эмоционалды экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. Әр бала өз атын айтады (Мысалы, Тания). Барлық басқа балалар, жаңғырық сияқты, оны қайталайды.</p> <p>ҚР Әнұранын тыңдау. (Қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Жеке қауіпсіздік «ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ҚАУІПСІЗДІК) ЕРЕЖЕЛЕРІ»</p> <p>https://youtu.be/UMVKB4sqULE?si=eXG4pVrj6lVX9uBh https://orken-institut.kz/ru/telefon-yachih-linij</p>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер	<p>Өнегелі 15 мин. Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы бойынша киім-кешек, балалардың көңіл-күйі, демалыс күндері туралы әңгімелесу</p>				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел ойындары, бейнелеу өнері, кітап қарастыру және т. б.)	<p>Ағымдағы күнге қызметті бірлесіп жоспарлау</p> <p>«Бізбен бірге болайық!»</p> <p>«Дамытушы лото» үстел ойыны.</p> <p>Трафарет және шаблондармен жұмыс.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау.</p> <p>«Гараж» құрылыс ойыны</p>	<p>Аз қимылды ойын</p> <p>«Баяғы заманда қояндар өмір сүріпті».</p> <p>«Магниттік мозаика» үстел ойыны</p> <p>«Сиқырлы бояулар»</p> <p>палитрасындағы түстерді араластыру.</p> <p>Қолөнер бұйымдарын қарау.</p> <p>Табиғат бұрышындағы еңбек тапсырмалары</p>	<p>Аз қимылды ойын</p> <p>«Мысық тырнағымен тырнайды»</p> <p>«Түрлі-түсті әлем» үстел ойыны.</p> <p>«Түрлі-түсті өрнектер» сурет салу техникасын жетілдіру.</p> <p>Көкөністер мен жемістердің муляждарын зерттеу</p>	<p>Ағымдағы күнге қызметті бірлесіп жоспарлау</p> <p>«Лото» қауымдастығы»</p> <p>үстел ойыны.</p> <p>«Сиқырлы пластилин (мүсіндеу әдістерін дамыту).</p> <p>«Егін» тақырыбындағы тақырыптық суреттерді қарау.</p> <p>Лего-құрастыру бойынша жобалау</p>	<p>Аз қимылды ойын</p> <p>«Әуе шары» шағын ұтқырлық ойыны</p> <p>«Сүйікті ертегілер» үстел ойыны.</p> <p>«Апликация әлемі» (кенепте қазақ ою-өрнегін жасау).</p> <p>Қазақ халық ертегілеріне иллюстрацияларды қарастыру</p>
Таңғы гимнастика	<p>Таңертеңгілік жаттығулар кешені</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы</p> <p>Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа</p>	<p>«Мен өз балабақшамды жақсы көремін»</p> <p>дидактикалық ойыны</p>	<p>«Үй» құрылыс материалымен ойын</p> <p>Мақсаты: қарапайым ғимараттар мен құрылыстарды құруды үйрету</p>	<p>Дидактикалық ойын «Мен кімін?»</p> <p>Мақсаты: қарапайым тұрғырымдар жасау қабілетін дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Не жоғалды?» ойыншықтарды пайдалану</p>

	балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету. Артикуляциялық гимнастика «Күлімсіреу», «Тұмсық». Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. Суретке негізделген таза тіл	Мақсаты: қарапайым қарапайым сөйлемдерді құрастыруда жаттығу. «Үйшік ашылады» артикуляциялық гимнастика Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. Суретке негізделген таза тіл	Саусақ ойыны «Отбасы» Артикуляциялық гимнастиканы кезектестіру «Күлімсіреу», «Тұмсық». «Үйшік ашылады» Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, әртүрлі жаттығуларды кезектестіру мүмкіндігі	Шарлармен ойнау «Су-джок» («Кірпі») Мақсаты: ми қыртысының сөйлеу аймақтарын ынталандыру. Саусақ гимнастикасы «Достық» Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қалдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сені мен достасамыз (екі қалдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)	Мақсаты: зат есімнің көпше түріндегі формаларды қалыптастыруда жаттығу. Зияткерлік ойын «Ол қайда?» Кеңістіктегі бағдар Мақсаты: балалардың санау дағдыларын жетілдіру; санды пәндер санымен салыстыруға үйрету
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері :Сөздің мағынасын түсіну,сөздерге дыбыстық талдау жасау. Тақырыбы:Дыбыстық талдау «Артығын тап»ойыны. Бас, кол, көз, қас, тас. (мас) Алма, алмұрт, шие, бие. (бие) Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстармен жұмыс. «Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері :Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдермен байланыстырып айту. Тақырыбы:Менің Отаным Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз? Әрине, сөйлесеміз, тілдесеміз. Сөйлемдердің үш түрі болады.Біріншісі – хабарлы сөйлем, бір нәрсені хабарлап айтады.Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан. Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөйлем соңына не қойылады?	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері : Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Тақырыбы: Дыбыстық талдау «Жалауша»дидактикалық ойын-жаттығуы Тәрбиеші дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны. Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар.Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұрғұл, нақ, неліктен.	1. Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Ойыншықтарды, заттарды,сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау. Тақырыбы:Тәуелсіз елдің ұланымыз Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болады. Алдымызда Тәуелсіздік күні мерекесі жақындап келеді.Біздің еліміз қалай аталады?Қазақстан Республикасының президенті кім?Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.Қазақстан РеспубликасыныңМемлекет	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері :Сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Тақырыбы: Дыбыстық талдау «Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау. Балалар сұрақтарға жылдам әрі тез жауап берулері қажет. Мамандықты ата. Асты кім пісіреді?Өлеңді кім жазады?Суретті кім салады?Ауланы кім шыпырады? Хатты кім таратады? «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстармен жұмыс балалар «у»дыбысын естісе, жалаушаны көтереді. Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у...

<p>– Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б. «Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы</p> <p>1-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «и» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен білемін бұндай сөздерді: <i>ине, иелік, ирек, иық, Иманәлі т.б.</i></p> <p>2-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «о» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: <i>орындық, ожау, амыртқа, оқыс, оқы, ойна, ойын т.б.</i></p> <p>3-тапсырма: Мен бұндай сөздерді білемін: <i>доп, дақ, дамазақ, дорба, дән, диқан, дарын, дария, даң, Дидар, дырылдақ т.б.</i></p> <p>«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе</p>	<p>Сөйлемнің екінші түрі – <i>лепті сөйлем</i>. Ол адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым! Лепті сөйлем көтеріңкі сезіммен айтылады.</p> <p>Ал енді лепті сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөйлемнің үшінші түрі – <i>сұраулы сөйлем</i>.</p> <p>Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап тұрғанын білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады. Мысалы: Сен Алматыға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөздік жұмысы: хабарлы, лепті, сұраулы. Балалар туған өлкем тақырыбында әңгіме құрайды.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін кой» Шарты: берілген суреттің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемнің тыныс белгісін кою. Суретпен жұмыс. Үлестірмелі материал мен жұмыс. Сұрақтарға жауап бер. Отанымыздың табиғаты қандай? Еліміздің халқы туралы әңгімеле. Еліміздің бас қаласын ата.</p> <p>2. Математика негіздері</p>	<p>Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. Р дыбысынан басталатын сөз ойлар. <i>Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.</i></p> <p>Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады. Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>Дыбыстық талдау жаса. «Түн» сөзінің дыбыстық талдауы. «Түн» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Суреттерді ата. Буынға бөл. Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>)</p> <p>Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p>2. Көркем әдебиет</p> <p>Міндеттері: Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Тақырыбы: Қыс</p> <p>Суда мұз бар, жерде қар, Боран борап соғады, Бұл қай кезде болады? Мына суреттерден не көріп тұрсыңдар? Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Қыста адамдар қалай киінеді? Қыс мезгілі ұнай ма? Қар қандай? (<i>Әдемі, кішкентай, нәзік, жеңіл, үлгілдек, суық, ақ</i>)</p> <p>Кейде қар өте қалың жауады. Қарды үйіп, сырғанақ жасаймыз. Шанамен сырғанаймыз. Бүгін біз ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Сөздік жұмысы: <i>ақпен бояған –</i></p>	<p>тік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын Күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов. Еліміздің мемлекеттік гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Мемлекеттік Гимнді орындарынан тұрып,</p>	<p>Са, ха, то, уыр, пе, пу, до, ио, ау, ай, ми, ду, ру, ба, де, са, ша, ка, пу....</p> <p>Шана, ауна, үкі, тауық, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, моншақ, бау...</p> <p>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.</p> <p>Мысалы: <i>қызанақ ... (қызыл), қыяр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті) т.б.</i></p> <p>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы</p> <p>– Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: <i>кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар, бақта...шы, береке...лі, күлкі...лі т.б.</i></p> <p>«Қант» сөзінің дыбыстық талдауы. «Қант» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар. Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>2. Көркем әдебиет</p> <p>Міндеттері: Түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісу.</p> <p>Тақырыбы: Тәуелсіздік</p>
---	--	--	---	---

<p>орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарынан сөз құрапайтасындар. Мысалы: - «а.л.м.а.», - «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.», - «а.с.ы.қ.», - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».</p> <p>Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасындар? тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағам дардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады. Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен жақсы өлесің, ал көзің тамаша көреді. В тобының дәрумендері мидың дамуына әсер етеді. С дәрумені «күшті имунитет дәрумені» деп атауға болады, себебі ол арқылы сен аурулардан қорғанасың. Е дәрумені сені күшті, әрі төзімді етеді. Д дәрумені сенің сүйегіңді мықты етеді.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос. Дыбыстық талдау жаса. «<i>Май</i>», «<i>сүт</i>» сөздеріне дыбыстық талдау жасайық.</p>	<p>Міндеттері : Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау</p> <p>Тақырыбы: Жазық фигура және көлемді фигура</p> <p><i>Тур сендерді шақырады, келіңдер;</i> <i>Пішіндердің әлеміне еніңдер</i> <i>Шеңбер, шаршы, төртбұрыштар күтеді</i> <i>Таныстырам пішіндермен маған көңіл бөліңдер!</i></p> <p>Ойындық жағдаят. Тәрбиеші топқа Әлия мен Сырыммен бірге ерекше қонақтар келгенін хабарлайды: «Олар – геометриялық фигуралардан тұратын кейіпкерлер».</p> <p>Балалар фигуралардан құрастырылған адамдарды атайды. «Пішіндес заттарды тап» ойын жаттығуы.</p> <p>Жұптасып жұмыс істеу.</p> <p>Үстелдің үстінде фигуралар жиынтығы бар конверттер қойылған: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. (кесілген фигуралар).</p> <p>Балалар, сендерден біреу шығып конверттен кез-келген фигураны алады, оны атайды. Ал екінші бала қоршаған ортада кездесетін осындай пішінді заттарды тауып айтады. Содан кейін балалар рөлдерімен ауысады. Дәптерімен жұмыс.</p>	<p>айнала аппақ шебер – «әдемітіп өрнектеген» деген мағынада</p> <p>Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Өлең қалай аталады?</p> <p>Авторы кім? Қыста дала қандай болады? Неліктен қысты қызық дейміз? Неліктен қысты жақсы көресің?</p> <p><i>Тіл ұстарту жаттығуы:</i> Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс. Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз. Үлестірмелі материалмен жұмыс</p> <p>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.</p> <p>Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? Кім қайда ойнайды? Сызып қос. Жұмбақты шеш.</p> <p>Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (<i>Қар</i>)</p> <p><i>Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»</i> (ойлау қабілетін дамыту)</p> <p>Шарты: қыста киетін қыздармен ұлдардың киім түрлерін іріктейді.</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет Міндеттері : Құрастыру: Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Сурет салу: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлес</p>	<p>оң қолдарын жүрек тұсына қойып тыңдайды. Рәміздерді қандай жерлерге іледі?</p> <p>Балалар қай жерлерде Қазақстанның Мемлекеттік Туының ілініп тұрғанын көргенін айтады. Елордамыз қай қала? Сендер тәуелсіз елдің бақытты ұланысындар. Елімізді, жерімізді, шегарамызды қорғайтын, ертенгі ұлансыңдар.</p> <p>Тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматысыңдар. Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.</p> <p>Отан үшін отқа түс – күймейсің. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, Қызы қайратты, Халқы қаһарман болады</p> <p>Енді Бағдат Мәжитовтың «Тәуелсіздік» атты өлеңімен танысамыз. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретке қарап, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы әңгімеле.</p> <p>Біздің басты құндылығымыз – тәуелсіздігіміз, сол үшін бүгінгі жас ұрпақ, тәуелсіздігімізді ардақ тұтып, қадірлей білгені абзал.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері : Тәулік бөліктерінің ауысуын, оқиғалардың ретін анықтау.</p> <p>Тақырыбы: Танертен, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.</p> <p>жұмбақ жасырады: <i>Күн шығады аспанға, Қораз белгі береді.</i></p>	<p>Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан – үлкен, Отан біздің туған елі!</p> <p>Қазақстан Республикасының бас қаласын ата. Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер? Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Гимні бар. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз.</p> <p>Біз бүгін ақын Иран-Ғайыптың «Тәуелсіздік» атты өлеңімен танысамыз. «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп оқу. Сөздік жұмысы: <i>тәуелсіздік</i> – еркіндік, теңдік, егемендік</p> <p>Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлеңден туралы айтылған? Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?</p> <p><i>Дидактикалық ойын: «Жалғасын тап»</i> (баланың ойлау қабілетін дамыту)</p> <p>Шарты: тәрбиеші сөздің басын айтады, балалар жалғастырады.</p> <p>Менің елім ... Менің туған жерім ... Менің Отаным ... т.б.</p> <p>Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Үлестірмелі материалмен жұмыс.</p> <p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата.</p>
---	--	--	--	---

<p>2. Математика негіздері Міндеттері :Геометриялық денелерді дұрыс атап,оларды ажырата білуге жаттықтыру. Тақырыбы:Шар.Текше.Цилиндр. Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым «Фигураны көрсет, атауын айт»ойыны. Тәрбиеші фигураларды үш сөреге орналастырады (жалпақ және көлемді). Содан кейін ол сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан фигурасы бар карточканы көтеруді сұрайды. «Екінші сөренің ортасында...», «Төменгі сөреде сол жақта...» және т.б. балалар карточканы көтергеннен кейін фигураның атауын дауыстап айтуы қажет. «Затты тап»ойыны. Балалар санамақ санау арқылы топқа бөлінеді. Тәрбиеші жиынтықтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, оларға қандай заттар ұқсас екенін сұрайды (пішіні бірдей). Топтарда тақырыптар талқыланады және аталады, әр дұрыс жауап үшін дөңгелек шелералады. Көп дөңгелекше жинаған топ жеңеді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Әр топтанартық затты тауып, қоршап сыз.Өз тандауынды түсіндір.Бұл заттар қандай геометриялық</p>	<p>1-тапсырма.Текше мен шаршыны қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Қандай айырмашылықты байқадың? Шар мен дөңгелекті қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Қандай айырмашылықты байқадың? Цилиндр мен дөңгелекті қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Қандай айырмашылықты байқадың? Заттарды зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, сұрақтарға жауап береді. Балалар фигураларды колдарымен ұстап зерттеп, жазық және көлемді фигураның айырмашылық тарын айтады.Балалар пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, қатырғы қағаздан, фанерден жасалған жалпақ фигура ларды тауып әкелуі қажет. Олар қандай түске боялған? 2-тапсырма.Бөлмеден осындайпішіндегі заттарды тауып, оларды ата. Олардың түсі қандай? Тәрбиеші бөлмеден осындай пішіндегі заттарды табуды сұрайды, оларды атауды өтінеді. –Бұл неге ұқсайды? Түсі қандай? <i>Аяқпенен топ етіп, шапалақты ұрамыз, Өзімізді айналып, қол ұстасып</i></p>	<p>тіру,өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Мүсіндеу:Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану:құрылымдық және мүсіндік. Жапсыру:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен қиып жапсыру,ою-өрнектермен безендіру. Тақырыбы:Қуыршаққа арналған сәнді киім Ойын жағдаяты. Топқа Әсел қуыршақтың атынан хат келді. Бүгін Әсел театрға бару керек. Театрға бару үшін Әселге сәнді киім керек. «Сәнді киімдер үйін» ашып, қуыршаққа арналған сәнді киім тигуді ұсыну. Түсіндірме жұмысы. Балаларды «Миға шабуыл» әдісі арқылы жетелейміз. «Сәнді киімдер үйі» деген не? Қалай түсінесіңдер? Кім өз ойын айтады? Көйлекті кім тігеді? Неден тігеді? Онда қандай жұмыс істеледі? «Сәнді киімдер» үйінде тігінші апайлар жұмыс істейді. Олар түрлі әдемі үлгілерге қарап, әдемікөйлектер, басқа да сәнді киімдер тігеді. Үлестірмелі материалдар. Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіреді. Балаларға қағазды екіге бүктеу арқылы симметриялы пішінді кию әдісін көрсетеді. Алдымыздағы үлгіге қарап отырып, алдымен көгілдір түсті бөлікті қиып аламыз. Қағазды ортасындағы белгі бойынша</p>	<p><i>Бөбектер тұрып ұйқыдан, Бала-бақшаға алар келеді.(Таң) Күн шуағын төгеді, Жап-жарық боп айнала. Серуенде жүреді, Ойнап-күліп бар бала.(Күндіз) Шуақ шашқан Күніміз, Көкжикке батады, Үйге кіріп балалар Кешкі ас жеп жатады .(Кеш)Көкте жұлдыз жанады, Өзен суы сылдырар. Аспанға алтын Ай шығып Терезеден қарады. (Түн) Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма.Тәулік бөліктерін ата. Балалар таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейді? Тәулік бөліктерін және осы уақытта балалардың орындайтын іс-әрекетін сызып қос. Балалар тәулік бөліктерін атайды, сызып қосады. Тәрбиеші балалардан не істейтінін баяндап беруін сұрайды: таңертең балалар тістерін тазалайды, жуынады. Күндіз балалар балабақшада ойнайды. Кешке анам ұйықтар алдында кітап оқиды. Түнде балалар ұйықтайды. «Күн мен түн» ойыны 2-тапсырма. Әр қатардан артық суретті тап. Өз қалауындытүсіндір. Белгіле. «Кім ең зерек?» ойыны. Суретпен жұмыс.Суреттердің</i></p>	<p>Суретте не бейнеленген? Сен Астанақаласында болдың ба? Сурет бойынша саяхат жасайық.Сөйлемнің мағынасын түсініп ал. 3. Қоршаған ортамен танысу Міндеттері :Мобильді құрылғыларлы дұрыс қолдану Тақырыбы:Байланыс құралдары «Сымсыз телефон» ойыны. Бар екен бір терезе ғажап үйде Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде .Кино болар терезеден күнде-күнде. Естіп алар бір құлақ алыс елде . Жазуы бар ақ парақ канат қакты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. Жұмбақтың жауаптары:теледидар, телефон, газет.Туыс, дос, таныстар бір-бірімен жиі кездеседі. Ал алыс бір-бірімен қалай хабарласады? Олар қарым-қатынас жасау үшін байланыс құралдарын пайдаланады.Дұрыс, мұндай құралдарға телеграф, телефон, пошта жатады. Байланыс құралдарына сонымен қатар электронды пошта, әртүрлі жедел хабаршылар жатады. Олардағы байланыс дүние жүзілік интернеттің көмегімен жүзеге асады.Байланыс құралдары – ақпаратты беру немесе алмасу арқылы адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз етуге арналған құрылғылар. Жазылған</p>
---	--	---	--	---

<p>денелерге ұқсайды? Әр жиынтық топта бір «артық» элементтің пішіні қандай? Ал қалған заттардың пішіні қандай?</p> <p>2-тапсырма. Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Қай зат қандай пішінге ұқсайды? Сызып қос.</p> <p>3-тапсырма. Заттардың шеткі сызықтарын көрсетілген түстерге сәйкес бастырыпсыз. Артық затты тауып, оны ата. Ойын жаттығуы. «Фигураларды топқа бөл»</p> <p>Тапсырманы түсіндіреді: «Фигураларды екі белгіге қарап, топқа бөл: пішіні және түсіне қара»</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Міндеттері :Кезекшінің міндеттерін, топта және балабақша ауласында шамасы келетін тапсырмаларды өз бетінше орындау. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұрттуға, табиғат бұрышын дағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.</p>	<p>тұрамыз. «Ах» деп айтып бәріміз, пішіндерге барамыз. Қол ұстасып бәріміз үлкен шеңбер құрамыз!</p> <p>3-тапсырма. Төртбұрышты печеньелерді және дөңгелек печеньелерді сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Қандай формадағы печеньелер бейнеленген? (Шаршы және дөңгелек). Фигуралар түрін сана. Олар неше? Балалар фигураларды қайта санап, тиісті цифрды белгілейді.</p> <p>4-тапсырма. Штрихта.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: Туыстық қарым-қатынас білдіретін сөздерді білу.</p> <p>Тақырыбы: Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба</p> <p>Біздің Отанымыз қалай аталады? Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – қандай мемлекет? Біздің Отанымыз – тәуелсіз мемлекет. Жаңа сөздермен танысу. Мемлекеттік рәміздер, гимн, ту, қыран, ою, күн шуақтары. Постермен жұмыс. Мынау – Мемлекеттік Ту. Тудың шетінде ою-өрнек, ортасында күн, күннің астында қыран құс бейнеленген. Түсі көгілдір.</p> <p>Мемлекеттік Туда не бейнеленген? Мемлекеттік Туда қыран, күн, ою-өрнек</p>	<p>бүктеп, сызықтың бір шетінен бастап аяғына дейін қиямыз.</p> <p>Қуыршақтың киімінің кеуде бөлігі дайын болды. Енді, қуыршағымыздың белдемшесі қалды. Қызыл түсті қағазды белгі бойынша бүктеп, сызықтың бір шетінен әдемілеп, ұқыптылықпен қиямыз. Белдемшеміз дайын болды. Қуыршақтың киімі сәнді болу үшін оны безендіру керек. Безендіруге гүл немесе бант қолдануға болады. Енді, қуыршағымызды киіндірейік. Желімді жағып, орын-орнына жапсырайық. Сергіту сәті. Әдептілік әлемі.</p> <p>Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегінді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жалама аяқ-табақты.</p> <p>Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен. Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же. Салдыр-салақ болмағын.</p> <p><i>Е. Әтетілеуұлы.</i> Балалар шығармашылығы, жеке жұмыс жүргізу. Ә. Дүйсенбиевтің сөзіне жазылған «Қуыршақ» әнін орындау.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері :Кеуде тұсынан екі қолмен допты бір-біріне лақтыру.</p> <p>Тақырыбы: Хоккей ойнаймыз. Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар. Қимылды ойындар</p>	<p>әр тобы тәуліктің қай бөлігі екенін тауып, артық затты анықтауды ұсынады</p> <p>Мысалы: «бұл суреттер тобында барлық суреттер танертен уақытты көрсетеді. Артық сурет – ай»</p> <p>3-тапсырма. Торкөздерді сана. Фигураларды арындаштардың түсіне сәйкес боя. Балалар, әр фигураны қандай түспен бояу қажет екенін анықтайды. Мұны істеу үшін онда қанша торкөз бар екенін санайды, содан кейін сол цифрмен белгіленген қарындашты табады.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері :Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы білу.</p> <p>Тақырыбы: Еліміздің бас қаласы – Астана.</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Мемлекеттік Рәміздерді ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба).</p> <p>Қуыршақтар: балалар, біз сендерге астана Астана туралы диск алып келдік. Тәрбиеші сұрақ қояды: Астана қандай қала? Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Астананың көрікті</p>	<p>ақпаратты алыс қашықтыққа қалай жіберуге болады? Топқа Саққұлақ кіреді. Балалар, мен Саққұлақпын. Менің досым Желаяқ желден озған жүйрік, ол алыс жерлерге хат-хабарды көзді ашып-жұмғанша жеткізеді. Мүмкін сендерге Желаяқтың көмегі қажет шығар? Балалар, алыс жерлерге хат-хабарды жеткізу үшін қазіргі уақытта өзгін қажет пе? Жоқ, қазір алыс жердегі адамдар бір-біріне хат жазады, телеграмма жібереді, телефон мен сөйлеседі. Пошта, теледидар, радио, телефон, интернет – байланыс құралдары. Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алыс-жақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар ақпарат құралдары деп аталады. Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? Теледидар, радио, газет және интернет арқылы білеміз. Теледидар, радио, газет, интернет – ақпараттық құралдар. Демонстрациялық материал дардан соңғы заман технологиясының жаңа жетілдірілген құралдарын көрсетеді (компьютер, смартфон-телефон, 3D теледидарлар, электронды</p>
---	--	--	--	--

<p>Тақырыбы: Мен кезекшімін Қырға шықсаң, өрлеп, Сабағына жөндеп Мұның аты – еңбек Әзірленсең – еңбек. Кесте тіксең, зерлеп Қиындықтың бәрін Мұның аты – еңбек Еңбек қана жеңбек. Аузы бұртиып, топқа Қырағы кіреді. Тәрбиеші одан неге ренжіп тұрғанын сұрайды, оның айтуы бойынша, ана сына дастарқан жасауға көмектескісі келеді екен, бірақ ыдыстарды қалай қоятынын білмейті. Балалар Қырағыны орталарына шақырып, отбасында үлкен дерге қалай көмектесетіндерін әңгімелейді. Балалар отбасын да үлкендерге қалай көмек тесетіндерін әңгімелейді. Сыныпта кезекші боламыз, серуенге шыққанда аулада енбектенеміз. Жарайсындар, балалар, кезекші міндеттерін тағы бір қайталау үшін, бүгін біз «Ол не?» ойынын ойнаймыз. Бұл заттар арқылы біз бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы топтағы кезекшілік екенін хабарладық. Қасық – асханадағы кезекшілік. Кітап – ұйымдастырылған іс-әрекетке кезекшілік. Өсімдік – табиғат бұрышындағы кезекшілік. Асханадағы</p>	<p>бейнеленген. Тудың түсі қандай? Түсі көгілдір. Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік Тудың авторы кім? Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударарды. Мемлекеттік Рәміздер – Государственные Символы. Ту – Флаг қыран – орел, ою – орнамент, күн шуақтары – лучи солнца. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Ту сипатта, сөйлем құра. Мемлекеттік Ту да күн бейнеленген. Күннің түсі сары. Мемлекеттік Ту да қыран құс бейнеленген. Мемлекеттік Ту да ою-өрнек бейнеленген. Мемлекеттік Тудың түсі көгілдір. Такпақ жаттау. 4. Музыка Міндеттері : Би шығармашылығы Тақырыбы: Қысқы орманда <i>Музыкалық-ырғақтық</i> <i>қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені. Ортаға бір бала шығады да, барлық балалар сол қимылдарды қайталайды. Көңілді әуен сипатына сәйкес тізбектеле, аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, секіру, қол ұстасып, шеңбер бойымен айналу қимылдарын алмастыра</p>	<p>Денсаулықты сүйеміз, Шынығамыз күнде біз. Бір-екі-үш! Бір-екі-үш! Бұлшық етте, міне, күші!» Имек ағашпен зейін мен бұлшық еттерге арналған жаттығу түрлерін орындау. Имек ағашпен жаттығулар орындау: бір қолынан екінші қолына ауыстыру, айналдыру, ұстап тұрып қолын сермеу, имек ағашты өзін айналдырып қозғалту, екі қолмен ұстап айналдыру. Жолмен ұзақ кім сырғиды? Ең жақсы нәтиже көрсеткен бала жеңеді. Тепе-теңдік сақтап, бастарын түзу ұстап, еңкеймеуге тырысады. «Түсіріп алма!» Жұпта сүйем қадамдар аттап, алаңның бір жағынан екінші жағына заттарды жеткізу ұсынылады. «Мерген имек ағаш» Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.</p>	<p>орындарын көрсете аламын. Мынау – Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. Көше таза. Көшелер таза. Мынау – үй. Үй – үйлер. Биік үй. Биік үйлер. Әдемі үйлер. Мынау – Бәйтерек. Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Астана – жаңа қала. Астана қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек. І -і-і, іс, ің, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала) Кө... (көше) Та... (таза) Астана – жаңа... Жұмыс дәптерімен жұмыс. Сурет бойынша әңгіме құра. Астана – қандай қала? Астанада не бар? Жаттап ал. 4. Музыка Міндеттері: Таныс би қимыл дарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару Тақырыбы: Қысқы орманда <i>Музыкалық-ырғақтық</i> <i>қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені. Ортаға бір бала</p>	<p>рама, т.б. хат, пошта сәлемдемелері). Үстелде сіріңке, айна, жалауша, ұзын пластик құбыр жатады. Тәрбиеші балаларды үстел жанына шақырып, бұларды байланыс құралы ретінде қалай пайдалануға болатыны жайлы сұрайды. Балалардың жауабы тыңдалып, ежелгі уақытта адамдар бір-бірімен қалай ақпарат алысқандары туралы бейнебаян көрсетіледі. Сіріңке – ежелгі үндістердің байланыс құралы. Олар от жағып, түгін арқылы шалғай дағы топтарға белгі берген. Сол түгіндер арқылы бір-бірімен байланыста болған. Ал Солтүстік Америка үндісте рінде айнаны Күнге шағылыс тыру арқылы хабар жіберген. Теңіздегі байланыс үшін матростар сигналдық жалауша ларды ойлап тапты. Енді түрлі түсті жалаулардың көмегімен кемеден кемеге хабар жіберу мүмкін болды. Адамдар бір-бірімен құбыр арқылы сөйлес кен, құрылғы акустикалық телефон деп аталады. Кемедегі капитан кабинасы мен мәшине залы арасындағы байланыс үшін «құбырлы» телефон қолданылады. «Пошташы мекенжайға хатты жеткізеді». «Еліктеу» ойыны. Пошта арқылы. Пошта қалай жұмыс істейді? Пошта жөнелтілімдері</p>
--	--	---	--	--

	<p>кезекшілік міндеттеріне не кіреді? Күтуші апайға дастарқан әзірлеуге көмектесу, ыдыстарды қою, тамактанып болған соң, босаған ыдыстарды тасып, орнына қою.</p> <p>Міндетімізді неден бастаймыз? Қолды жуып, алжапқыш пен бас киім кию керек. Балалар кезекшілікке дайындалуға барады (қолдарын жуады, алжапқыш, бас киім киеді). Кезекшілер, өз міндеттеріңе кірісіңдер. балалардың еңбек әрекетін бақылайды. Кезекшілер ас құралдарын қояды, тәрбиеші балалармен дастарқан басында өзін ұстау ережелері туралы әңгіме жүргізеді. Тамақты асықпай, ұқыпты іш. Тамақты талғамай іш, балабақша дағы ас мәзірінде нелер бар, соның бәрін тауысу қажет. Дастарқан басында ойнама. Қасық жөнешанышқы ны дұрыс пайдаланып үйрен. Күтушіге ыдыстарды жинауға көмектес. Қырағы балалардан дастарқан жасауды үйренгенін айтып, қоштасып, шығып кетеді. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Қырағының пайымдауы: Балабақшадағы кезекшілік, балаларды еңбекке баулиды. 1. Кезекшілер құралдарын шашып алыпты. Қырағыға</p>	<p>отырып, өз таңдауы бойынша ырғақтық қимылдар орындау. Би шығармашылығына баулу. Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский).</p> <p>Ән айту: «Шырша әні» Ән туралы балалармен әңгіме өткізу. Композитор К. Қуатбаев шығармашылығы туралы айту. Бұл ән әдетте жылдың қай мезгілінде орындалады? Қандай мерекеге арналған ән? Үйренген «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)</p> <p>Билер: «Еркебұлан» биі . Ойындар, хороводтар: «Айналымалы дөңгелек» Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.э. Бубен, қоңырау, металлофон аспаптары қолданылады. Балаларды жеке және топпен аспапта үндесе ойнауға үйрету.</p>		<p>шығады да, барлық балалар сол қимылдарды қайталайды. Көңілді әуен сипатына сәйкес тізбектеле, аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, секіру, қол ұстасып, шеңбер бойымен айналу қимылдарын алмастыра отырып, өз таңдауы бойынша ырғақтық қимылдар орындау. Би шығармашылығына баулу. Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский).</p> <p>Ән айту: «Шырша әні» Ән туралы балалармен әңгіме өткізу. Композитор К. Қуатбаев шығармашылығы туралы айту. Бұл ән әдетте жылдың қай мезгілінде орындалады? Қандай мерекеге арналған ән? Үйренген «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)</p> <p>Билер: «Еркебұлан» биі . Ойындар, хороводтар: «Айналымалы дөңгелек» Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.э. Бубен, қоңырау, металлофон аспаптары қолданылады. Балаларды жеке және топпен аспапта үндесе ойнауға үйрету.</p>	<p>дегеніміз не? Ойын: «Пошташы» Саққұлақтың пайымдауы: Байланыс құралдары – ақпаратты қашықтыққа беру тәсілдері. Дәстүрлі байланыс құралдарына пошта, телефон, радио, теледидар, интернет желілері жатады. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Саққұлақты байланыс құралдарымен таныстыр. Байланыс құралдарының жанындағы дөңгелекті жасыл қарындашпен боя. Пошташыға геометриялық фигуралары бар торкөздер арқылы үйге жетуге көмектес. Саққұлақты байланыс құралдарымен таныстыр. Байланыс құралдарының жанындағы дөңгелекті жасыл қарындашпен боя. Пошташыға геометриялық фигуралары бар торкөздер арқылы үйге жетуге көмектес.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері : Допты екі оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Керуен</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. «Терек» (Қырғыз халқының ойыны). Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>кімге не қажет екенін түсіндір. Сызықпен қос.</p> <p>2. Асханадағы кезекшілікті әңгімеле. Дастарқанға бірінші не қойылады? Сызықпен қос.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері : Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері.</p> <p>Тақырыбы: Асықпен ойналатын ойындар</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа 1-2-3 қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. ЖДЖ орындау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: Ойын-жаттығуы: «Затты тап». Қоржын ішінен асықты іздеп табады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет) Бір-бірінің желкелерінен карап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады.</p> <p>Релаксация: «Дала әуендері».</p>				<p>қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады. «Бірғып секіру» (Татар халқының ойыны) Өртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Бірғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.</p> <p>«Тастар» (Орыс халқының ойыны) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады. Қимылы аз ойын: «Үндемес» ойыны (Тәжік халқының ойыны) Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінен екінші жағында тұрған</p>
--	--	--	--	--	--

					балаға көрсетеді. Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпаз атанады.
Серуендеуге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды жүйелі түрде кию (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	<p>Өрмекшіні бақылау Мақсаты: өрмекшінің пайда болуының сипаттамалық белгілері туралы білімді кеңейту және бекіту. Көркем сөз Жіңішке жіп, Шөптен шөпке дейін, Мұнда оралған Барлық айналасында, Қара кішкене өрмекші. Еңбек қызметі Тұқым жинау Мақсаты: гүлдердің тұқымын мұқият жинап, оларды дұрыс сақтау қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалысты ойын: «Қуып жет, секір», «Секіргіштер» Мақсаты: қозғалыс белсенділігін, ұзындыққа секіру қабілетін дамыту. Жеке жұмыс Қозғалыстардың дамуы</p>	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: тірі және жансыз табиғаттың өзара байланысы туралы білімді бекіту. Көркем сөз Таңертең біз аулаға барамыз, жаңбырмен жапырақ түседі, Аяқ астында қытырлап... Түсіп жатыр, төгіліп... (Күз) Еңбек қызметі Балабақша учаскесін түскен жапырақтардан тазарту Мақсаты: өзіңізде және басқа балаларыңызда орындалған жұмыстан қуанышты көңіл-күй қалыптастыруға үйрету. «Үшінші артық» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйрету; ептілік пен жүгіру жылдамдығын дамыту. «Үкі» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды үйрену. Жеке жұмыс</p>	<p>Қайыңды бақылау Мақсаты: қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленуі мүмкін ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөз Алена тұр — Жасыл орамалды, Жұқа маталы, жасыл сарафан. (Қайың) - Қандай ағаш туралы айтады? Балаларды қайыңның сұлулығына тандануға шақырыңыз. Сіз оны құшақтап, сипап, «Өсе бер, сүйкімді қайың, жақсы адамдарды қуанта бер» деп айта аласыз. Еңбек қызметі Көкөністерді жинау. Мақсаты: сайтта ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру. «Қоян мен қасқыр» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды</p>	<p>Торғайды бақылау Мақсаты: торғайдың, өмірдің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету балалардың назарын және жадын белсендіру. Көркем сөз Торғай - кішкентай тірі құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, бойлық кара жолақтары бар. Құйрығы мен канаттары кара қоңыр, қызғылт түспен көмкерілген, иек пен жемсауы кара, бірақ басы сұр. Торғай-епті құс, қорықпай адамның аяғына секіреді, ит ыдысынан тістейді, үгінділер, тұқымдар, дөңдер жинайды (Воробей-торғай, Птицы-құстар). Еңбек қызметі Сәбіз жинау Мақсаты: еңбекке дағдыландыру;</p>	<p>Бақшадағы жұмыстарды бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімді бекіту. Көркем сөз Қатты жел соғып тұр, Қап-кара бұлт басты, Көрмейсің Түнерсе жарықты - Ауа райы, табиғат қалай өзгерді? - Бақшада не өзгерді? - Суық келгенде, сіз қалай киінесіз? - Суық ауа райының басталуымен құлпынаймен не болады деп ойлайсыз? Ол үсіп қалады ма? Құлпынай үсіп қана қоймай, үсіп қалмауы үшін және жазда бізді піскен жидектермен қуанту үшін құлпынайды үгінділермен жауып, топырағын мөлдір пленкамен жабу керек.</p>

		<p>Мақсаты: алға қарай секіруді жетілдіру. Сыртқы материалмен тәуелсіз ойындар</p>	<p>жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету. Жеке жұмыс «Ең жылдам» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілетін жетілдіруге арналған тапсырмаларды орындай отырып, жүгіру жаттығулары</p>	<p>ересектерге көмек көрсетуге шақырыңыз. «Өз жұбыңды тап» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: сигнал бойынша жылдам қозғалуды үйрену, қозғалыс бағытын өзгерту. «Допты ұста» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастыру. Жеке жұмыс Қозғалыстардың дамуы Мақсаты: көлбеу тақтамен жүруді үйрену</p>	<p>(бақша – огород, овощи – көкөністер, фрукты – жемістер, полезный – пайдалы). Еңбек қызметі Топырақты үгіндімен толтыру. Мақсаты: жұптасып жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. «Қайда жасырынғанын тап» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды үйрену. «Жүгіріс-жаман емес». Мақсаты: жүгіру техникасын, жақсы дене бітімін, қолдың табиғи жұмысын жақсарту. Жеке жұмыс Қозғалыс дамуы Мақсаты: жүру, жүгіру техникасын жақсарту</p>
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңдерді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырыққа қысу. «Балалар қолдарын жуады» суреттерін қарау. Олар бойынша әңгіме. Өзіндік ойын қызметі				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	<p>«Көңілді оркестр» сюжеттік-рөлдік ойын Біздің оркестр жұмыла ойнайды, ол музыка туралы бәрін біледі, скрипка ақырын ойнайды ол өзіне шақырады... Мақсаты: музыкалық есту қиялын дамыту, бейнелеу дағдылары, пантомимикалық мәнерлілік, импровизациялау қабілеті. «Кімнің дауысы» дөңгелек би ойыны</p>	<p>«Біз таяқтардан құрастырамыз» құрылыс ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, балалардың логикалық ойлауын дамыту. Ауамен тәжірибе (карточка, № 1 тәжірибе) Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау (Оқу). «Гүлзарлардағы гүлдер» дамыту ойыны</p>	<p>«Отбасы. Қарлығаштың туған күні» Мақсаты: жақындарына қамқорлық жасау ниетін тәрбиелеу; өз отбасына деген мақтанш сезімін дамыту; өз отбасы туралы білімді тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын жандандыру; сөйлеу арқылы ойын барысында біріге білу; өтініштер білдіру, сұрақтар</p>	<p>Қағаздың әртүрлі түрлерімен тәжірибе жасау. Қайшымен жұмыс Мақсаты: балаларға қағаздың қаттылығы, түсі, пайдалану мақсаты бойынша әр түрлі болуы мүмкін екенін көрсету. Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау(Оқу)</p>	<p>Ойын-драматизация «Серуендеу» Мақсаты: әр түрлі эмоциялардың көбеюін бекіту: қуану, ләззат алу, таңдану. «Санану және салу» құрылыс ойыны Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыту. Көркем шығармаларды тыңдау.</p>

	Мақсаты: есту қабілетін дамыту, құрдастарының дауыстарын ажырата білу; ойындарға белсенді қатысуға деген ынтаны тәрбиелеу. Көркем шығармаларды тыңдау Үстел театры	Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. «Гүлшек-жетішешек» ертегісін тыңдау	қою, өз іс-әрекеттерін түсіндіру. Тыныш классикалық музыкамен «Достарға арналған ем» мүсіндеу. Мақсаты: таныс заттардың пішіндерін мүсіндеу, алақандардың арасына дөңгелек қимылмен саз кесектерін илеу, алынған пішінді сақина түрінде бүктеу қабілетін дамыту		Дене шынықтыру бұрышындағы ойын-жаттығулар
Балалармен жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдылар Математикадан 5 шегінде санау дағдысын қалыптастыру	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі Қайшыны дұрыс ұстау және оларды пайдалану қабілеттерін қалыптастыру	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар Гүлді өсімдіктер туралы білімді бекіту	Танымдық және зияткерлік дағдылар Құрылыс материалдарының бөлшектерін дұрыс атай білу қабілетін дамыту	Қарым-қатынас дағдылары жеке жұмыс: «С», «З» дыбыстары
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен әңгіме «Бәр апта ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар. Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме. Балалардың жетістіктері туралы әңгіме. Проблемалық жағдайларды шешу. Кеңес «Балалар шкафында не болуы керек және болмауы керек». «Мектепке дейінгі балаларға арналған күн тәртібі» консультациясы. Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы ережелер туралы еске салу				

Қарсаңы
11-13.12
11.12

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Тәулік мектепалды даярлық «а» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 9.12-13.12

Күннің үлгі режимі	Дүйсенбі 9.12	Сейсенбі 10.12	Сәрсенбі 11.12	Бейсенбі 12.12	Жұма 13.12
Балаларды қабылдау	<p>Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында желтоқсан «Бірлік пен ынтымақ» айы. ҚР Әнұранын тыңдау. Күй күмбірін тыңдау.</p> <p>Сәлемдесу «Қайырлы таң, Тимур!»</p> <p>«Досыңызға не туралы және не сұрағыңыз келетіні туралы» ақпарат алмасу.</p> <p>Ән достық туралы. Балалар қол ұстасып ән айтады. «Берік достық ажырмайды».</p> <p>Мақсаты: балаларда жақсы көңіл-күй, бір-біріне жағымды көзқарас қалыптастыру</p> <p>Жеке қауіпсіздік «ЛИФТІ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=3B0fLh5HPR0&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK6ODD&index=3</p>				
Ата-аналар мен әңгімелесу, кеңестер	<p>Өнегелі 15 мин. Ата-аналармен баланың тәрбиесі мен дамуындағы рөлі туралы әңгімелер. Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке)</p>				
ҰІӨ дайындық	«Қазақстан Қызыл кітабына енген жануарлар» альбомын қарау Мақсаты: Қызыл кітапқа енгізілген жануарлармен таныстыруды жалғастыру; табиғатты қорғау (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Тірі табиғат» дидактикалық ойыны Мақсаты: қазақ тіліндегі сөздерді қолдана отырып, тірі табиғат объектілерін жіктей білу (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Қазақстан Республикасының қорықтары» әңгімелесу Мақсаты: балаларды табиғатқа ұқыпты қарауға, оны сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Қазақстанда сирек кездесетін жануарлардың суреттерінен иллюстрация (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Тату халықтар отбасы» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды Қазақстанда тұратын түрлі халықтармен таныстыруды жалғастыру. Олардың дәстүрлері, ұлттық киімдері, ойындары (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)
Ұйымдас тырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Негізгі ойды дұрыс тұжырымдау,өз пікірін айту, әңгімелерді бірізді айтып беру. Тақырыбы:Қаңтар Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді?Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы суық болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады. Сөйтіп қыс мезгілінің алғашқы айы басталады. Қыс мезгілінде неше ай бар?Қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аязды, ызғарлы суықпен өтеді.Балалар, қар қайтп жауатынын білесіңдер ме? Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршіктеніп те жауады. Кәне, бәріміз бірге <i>жапалақтап, түйіршіктеніп</i> деген сөздерді қайталайық.Қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей болып жалтырап жатады. Қар –жұмсақ, ұлпа.Сөздік жұмысы: <i>жапалақтап</i> – қардың жалпақ, ірі болып жаууы <i>түйіршіктеніп</i> – қардың түйір-түйір болып жаууы Балалар, көптеген ақын, жазушылар қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған. Бүгін ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңімен танысамыз.Өлеңді мәнерлеп оқып,	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері:Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Сөйлем сөздерден тұратынын білу. Тақырыбы:Сөйлем құрау. Ойнай отырып оқимыз. «Бөлшектерінен тап» ойынымен бастайды. Тәрбиеші бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек. 1.Терезе, шатыр, қабырға – ... <i>(үй)</i> Жапырақ, дінгек, бұтақ – ... <i>(ағаш)</i> Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ... <i>(көлік)</i> Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ... <i>(түйе)</i> «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттыңатын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Тәрбиеші балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейінекінші командамен ойнайды. Мысалы: <i>апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө)</i> т.б. Балалар, сендер қандай дыбыс тардан басталатын сөздер айт тыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Тақырыбы:Қыс қызықтары Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? Қардың түсі қандай? Қар қайтп жауады?Қыс мезгілінде бәріміз қандай мерекені асыға күтеміз?Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың тазалығы сондай, бетіне ештеңе тастағың келмейді. Балалардың әңгімесін тыңдайды. Балалар, қыс мезгілінде қармен көп ойнайтындарыңды әңгімелеріңнен байқадым. Енді мен сендерге қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. <i>Жеп-жеңіл – сондай ауыр, суық – жылы – антоним сөздер. Сұлу, сымбатты; күлімдейді, күлімсірейді – синоним сөздер.</i> Сөздік жұмысы: <i>ұлпа</i> – жұмсақ, нәзік Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»Шарты: шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіртпе суреттеріне қарап, олармен қай мезгілде ойнайтынын айту.	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері:Сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Тақырыбы:Дыбыстық талдау «Түсіне қара»дидактикалық ойыны Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк т.б.</i> «Буыңға буың қос»дидактикалық жаттығуы –Мен сендерге сурет көрсетіп, бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: <i>ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...не, сә...біз, бара...бан, т.б.</i> «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңындаболса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (<i>ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рақат, рауаш, ару, Ардақ</i> т.б.); -ә- (<i>әтеи, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп</i> т.б.);

	<p>мазмұнын түсіндіру.Өлең не туралы? Қардың лебі қандай?Не қысқарды? Қыстың ортасы қай айдан басталады? Өлеңдегі <i>мұздай</i> – <i>ызғарлы</i> – синоним сөздер. <i>Түндер</i> – <i>күндер</i>, <i>ұзарды</i> – <i>қысқарды</i> – антоним сөздер. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. Қыстың қамын жазда ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта» Шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «карлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды табады. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі <i>д</i> – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі <i>з</i> дыбысы да дауыссыз дыбыс. Үлестірмелі материалмен жұмыс Қай бала қаңтар айының ауа райына сай киінген? Белгіле.Қаңтарда қандай табиғат құбылысын байқаймыз? Белгіле.Екеуін сәйкестендір. 2.Математика негіздері Міндеттері:Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету Тақырыбы:Алдымен-содан кейін, болды-бар-болады,бұрын-кейінірек Ойындық жағдаят.Сырым мен Әлия «Рет бойынша қой»ойын жаттығуы. Балалар, қараңдаршы, барлық карточкалар араласып кетті. Оларды ретімен орналастыруға көмектесіндер.Үлестірмелі материал мен жұмыс Суреттерді қара, «алдымен» не болды, «содан кейін» неге айналды? Балалар суреттерді</p>	<p>ұшырамайды.Дауыссыз дыбыстарға сөздер: <i>тима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ) т.б.</i> Иә, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды. «Сөзді өлшейміз»дидактикалық жаттығуы –Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: <i>дос, бейбітшілік.</i> Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз.Дыбыстық талдау жаса. Тәрбиеші арбаның суретін, сызба сыммен тактаға іледі, бір баланы тактада дыбыстық талдау жасатады. «Арба» сөзіне дыбыстық талдау.«Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.Шананыңсуретін, сызбасымен тактаға іледі, бір баланы тактада дыбыстық талдау жасатады. «Шана» сөзіне дыбыстық талдау.«Шана» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Жұмыс дәптеріменжұмыс (графикалық жұмыс) Нүктелерді үзбей бастыр, тұскиізді толықтыр. Үзік сызықтарды бастыр. 2.Көркем әдебиет Міндеттері:Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету,олардың мазмұнын түсіну Тақырыбы:Торғайлар қуанышы Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген, Құлақшынды кимесен,</p>	<p>Үлестірмелі материалмен жұмыс Сурет бойынша әңгімеле. Саған қандай қысқы ойын ұнайды?Не артық? Белгіле. Аққаланы қалай жасайды? 2.Математика негіздері Міндеттері:Заттарды кеңістікте орналастыру Тақырыбы: Алдымен-содан кейін,болды-бар-болады,бұрын-кейінірек Ойындық жағдаят.Сырым мен Әлия ауылға барып, киіз үйдің қалай құрылғанын білді. Бүгін біз киіз үйді қалай құрастыратынын білетін боламыз.«Киіз үйді құрастыр» ойындық жағдаят.Бөлшектеп кесілген үлестірмелі материалды қолданады. Үлестірмелі материалмен жұмыс Балалар карточкаларды қарап, оларды ретімен қойып орналастырады, «алдымен – кейін»сөздерін қолдана отырып, өз әрекеттерін түсіндіреді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Карточкалармен алдыңғы жұмыс негізінде балалар өз бетімен орындайды. 2-тапсырма.Сурет бойынша бұрын не болғанын, кейін не болғанын айт. Суреттерді цифрлармен ретіне қарай сызып қос.Тәрбиеші ауыл туралы әңгімені жалғастырады. Киіз үйде балаларды әже күтіп отыр. Ол балаларға телпек тоқиды. Айтқындаршы, басында не болды, содан кейін не болады? <i>Киіз үй, киіз үй дөңгеленген үйіміз, (Шеңбер бойымен жүреді.)</i> <i>Ишінде біз жақсы өмір сүреміз.</i> (Қолды екі жаққа жаяды.) <i>Босағадан атта да,</i></p>	<p>-м- (<i>мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр т.б.</i>). Жұмыс дәптеріменжұмыс Суреттерді ата, буынға бөл. Суретті өз сызбасымен қос.Дыбыстық талдау жаса. Тактаға «кесе»сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындағында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Кесе сөзіне дыбыстық талдау жасайды.Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. Тактаға «асю» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Асық сөзіне дыбыстық талдау жасайды.2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>)Суретті штрихта. Бастыр. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. 2.Көркем әдебиет Міндеттері:Себеп-салдарлық байланыстарды,жанрларды ажырату,тілдің көркемдігін сезіну Тақырыбы:Орман емшілері Балалар, ненің даусын естіп тұрмыз? Құстар қандай болады? Қандай құстарды білесіңдер?Балалар, мынау ненің суретіОрманда қандай құстар өмір сүреді?Тоқылдақ не істеп жатыр? Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағаштыңқабығы астындағы құрттарды теріп жейді. Құйрығықатты, ұзын. Оны орман дәрігері деп атайды.Тоқылдақтыңтесіп,ойып кеткен ұясын басқа құстар мекен етеді. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы қазақстандық жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз.Сөздік жұмысы: <i>жыртқыш құс</i> – ұсақ құстарды аулап қоректенетін құс <i>ағаштың діңі</i> – ағаштың ең негізгі бөлігі <i>Сұрақ-жауап:</i> Әңгіме не туралы? Авторы кім?Тоқылдақ ағашта не істеді?Ағаштың қабығынан не төгілді?</p>
--	--	--	---	--

<p>орналастырады және «алдымен», «содан кейін» сөздерін қолданып жауапты түсіндіреді. Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды. Нанды жасап шығару үшін жұмыс жасайтын адамдардың еңбегін бағалау туралы тәрбиелік әңгіме жүргізеді. Содан кейін балалар оқиғалардың дұрыс реттілігін қалыптастырады, тәрбиеші балаларды «алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек», сөздерін қолдануға итермелейді.</p> <p>2-тапсырма. Суретке қарап, алдымен, содан кейін не болатынын айт. Алдымен не болғанын белгіле. Балалар суреттерді түсіндіреді, «алдымен – кейін», «ертерек – кейінірек», «бұрын – кейін» деген сөздерді қолданады.</p> <p><i>Бұталар мен төмпешіктен Аттан өтіп жеңілдіктен, Бұтақтар мен томарлардан Секіріп өтіп оңайлықпен Ұзақ-ұзақ жүріп келдік, Шаршадық деп берілмедік. Енді жеттік, тоқтадық, Кел, достарым, жайғасып, Отырайық демалып. Тынығамыз, күш жинаймыз, Одан кейін сапарға Аттанамыз қайтадан.</i></p> <p>3-тапсырма. Жыл мезгілдерін ата. Әр жыл мезгілін өзіне тиісті суретпен сызып қос. Балалар қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған</p> <p>4-тапсырма. 1-ден 10-ға дейінгі цифрларды ретімен сызып қос.</p> <p>3. Қазақ тілі</p>	<p>Құлағыңды тістеген. Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? Қыста ауа райы қандай болады? Бүгін ауа райы қандай? Жұмбақ жасыру: Қанаты бар талмаған, Аспанда ұшып самғаған. (Құс) – Қандай құстарды білесіңдер? Қыста ұшып жүретін құстарды көрдіңдер ме? Торғай қандай құс? (Мамын, кішкентай) Торғай пайдалы құс, ол зиянкес құрттар мен дөңдерді, нан қиқымын жейді. Торғайдың қанатының астындағы мамық жүндері қыста қалыңдайды, сондықтан олар суыққа тоңбайды, төзімді болады. Бүгін біз торғай туралы ақын Мұбарак Жаманбалиновтың «Торғайлар қуанышы» өлеңімен танысамыз Сөздік жұмысы: <i>қашықтан</i> – алыстан шоқып-шоқып – торғайдың тамақ жеуі. Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Өлең қалай аталады? Балалар торғайларға не шашты? Торғайлар тамақты қалай жеді? Торғай сөзіне сөйлем құра. <i>Тіл ұстарту жаттығуы:</i> Ос-ос-ос – құстар бізге дос. Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда аязға тоңбайсың. <i>Дидактикалық ойын: «Торғайлар»</i> (баланың зейінін дамыту). Шарты: «Күн» дегенде – қанатын қағып ұшады. «Түн» дегенде – балалар ұйықтайды. Ұс-ұс-ұс – ұшып кетті құс. Үлестірмелі материалмен жұмыс Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балаларға ат қой. Олар не істеді? Торғайлар не істеп</p>	<p>(Шеңберге қадам жасайды.) <i>От жағайық ортада.</i> (Жұдырықшаларды қысады, босатады.) <i>Міне, қалды көтерсек</i> (Бір қолын және екінші қолын жоғары көтереді.) <i>Шаңырақ тұрар төбеде!</i> (Көрші тұрған баланың қолын ұстап жоғары көтеру.) «Алдымен – содан кейін» ойын жаттығуы. Ойын үшін карточкаларды немесе басқа суреттерді пайдалануға болады: Құрт – көбелек; жидек – тосап; тұқым – өсімдік; көгөніс – тамақ; ұлпа – қар, аққала; бұтақтағы гүл – піскен алма және т. б. Әрі қарай «Не болды, не болады?» тақырыбында әңгімелесу жүреді. Балаларға бірнеше карточкалар беріледі, мысалы, тұқым – өскін – күнбағыс. Тәрбиеші «өскіннің» суретін көрсетеді. Суреттер сериясына ұқсас: бидай, ұн, нан. – Бұған дейін не болды? (Тұқым), содан кейін не болады? (Үлкен өсімдік, гүл). 3-тапсырма. Тыңда. Аптаның әр күнінде балалар қандай ертегі оқығанын ата. Сызып қос. Дүйсенбіде – Шалқан, Сейсенбіде – Ешкі мен қой, Сәрсенбіде – Түлкі мен тырна, Бейсенбіде – Ақылды қоян, Жұмада – Қасқыр мен жеті лақ, Сенбіде – Сараң бай, Жексенбіде – Жыл басына таласқан жануарлар. Тапсырманы орындамас бұрын балалар тәрбиешіні тыңдайды, ол аптаның күндерін жүйелеп өз ретімен атайды және аптаның әр күнінің атауын қайталайды. Содан кейін балалар аптаның әр күнінде қандай ертегі оқығанын айтады.</p>	<p>Орман шымшықтары тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? <i>Құстар</i> сөзіне сөйлем құра. Қолымызды созайық, Құстай қанат қағайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Әңгімені сюжет бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады. Үлестірмелі материалмен жұмыс Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Орман дәрігері деп қай құсты айтады? Құстар қалай тіршілік етеді? Жұмбақты шеш. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) Суретте қай құс жасырынған? Боя. Ұйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... (шымшық) <i>«Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар» ойын-жаттығуы</i> Мақсаты: қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрация. Балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады. 3. Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту Тақырыбы: Жер-біздің ортақ үйіміз Проблемалық сұрақ: Балалар, адамдар табиғатсыз өмір сүре ала ма? Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды, ауа, Күн,</p>
---	--	--	--

<p>Міндеттері:Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып,сөйлегенде қолдану Тақырыбы:Қыс қызығы Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Ойын: «Алтын сақа». Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады. Жаңа сөздермен таныстыру. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі – қыс. Мынау не? Мынау – қар. Ақ-ақ – ақ қар.Қардан не жасаймыз?Аққала жасаймыз.Мынау – сырғанақ. Мынау не?Мынау – сырғанақ. Балалар сырғанап жүр.Балалар не істеп жүр?Балалар сырғанап жүр. Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.Немен сырғанап жүр? Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.Бұлар – қыс қызығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады) Қ-к-к-ка – қар. Қ-қ-қ-нақ-нақ – сырғанақ. Шағын әңгіме құрап айту. Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы. Балалар қайталайды.Тақпақ жаттау. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді? Сөйлем құра.Қыс мезгіліне тән</p>	<p>жатыр?Торғай мен сауысқанды салыстыр. Несі ұқсас, қандай айырмашылығы бар?Қыстап қалатын құстарды ағашқа сызып қос. Жаңылтпашты жаңылыспай айт:Ұшыпкелтті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. 3.Шығармашылық іс-әрекет Міндеттері: Құрастыру:Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану. Сурет салу: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бойғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Мүсіндеу: Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Жапсыру: заттардан қалауы бойынша киып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Тақырыбы:Домбыра Домбыраны көрсетіп, №1, 2 суреттен атақты күйшілерді және домбыраның түрлерін көрсете отырып, домбыра ата-бабамыздан келе жатқан мұра екендігін, негізінен күй шертуге арналғанын, ағаштан жасалатынын, оны күтіп, қастерлеп ұстау керектігін әңгімелеу. Домбыра құрылысымен таныстырады: шанағы; мойны, құлағы;пернелері; тиегі; ішегі. Балалардың назарын үлестірмелі материалдағы домбыраның суретіне аудару. Әдемі ме? Қалай, немен безендіріліп сәнделген? Ою қалай аталады? (Қошқармүйіз.) Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіреді. Алдымен домбыраның бөліктерін киып дайындап аламыз. Домбыра</p>	<p>4-тапсырма.Қалайойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле.Балалар жұптарды «неден жасалады»деген қағидамен тандайды: пирог – ұннан. 3.Қазақ тілі Міндеттері:Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырысу,өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысу. Тақырыбы:Қолғап ертегісі Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша «Қыс қызығы» тақырыпты қайталау. Тәрбиеші суреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишқадан алады, соңында фишқалар саналып, жеңімпаз анықталады.Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.Тәрбиеші суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді. Ертегі ұнады ма? Ертегіде кімдер бар? Мынау – қолғап. Мынау не? (Қолғап). Бірінші кім келді? (Тышқан) Тышқан қандай? Тышқан кішкентай. Екінші? (Бақа) Бақа не деді? Бақа не істейді? Тышқан не деді? Соңғы кім келді? (Аю) Барлығы неше болды? (6) Аю қандай? Аю үлкен. Аю қалай жүреді?</p>	<p>сусыз тіршілік жоқ. Адам тіршілігі үшін қажетті заттардың бәрін табиғаттан алынады. Сондықтан Жер ғаламшары – бәріміздің ортақ үйіміз. Жердің пішіні қандай?Дөңгелек. Тәрбиеші беті шүберекпен жабылған затты үстелге қояды, жұмбақ жасыру. Домалақ тұрқы, «Білсін»деп тұрты Көк түс көп, сырты. Кішірейткен сиқы.(Глобус) Балалар глобусты ұстап, айналдырып көреді, түрі, пішіні туралы әңгімелесу. Глобус – Жердің кішірейтілген моделі. 1-сурет. Жердің сыртқы бейнесін көру үшін, адамдар оның кішірейтілген моделі – глобусты жасады. Неге ғарыштан Жер көгілдір болып көрінеді?Су көп болғандықтан. Жерде су көп пе, құрлық көп пе? Су көп.Ғарыштантүсірілген жерде көк түс көп, бұлар – мұхит, теңіз, өзен, көл, қоңыр түс – құрлықтар, ақ түс – бұлт. 2-сурет. Жер өз осінен айналады және Күнді айналады. Күнге қараған жағы – күндіз, көлеңке жағы түн болады. Педагог балаларды түнгі шам және тәрбиеші глобус тұрған үстелге шақырады. Шам Күнді бейнелейді. Шамды жағып балаға глобусты ақырын айналдыруды сұрайды. Глобусқа шам жарығы түскен түскен беті қандай болды? – Жарық.Бұл жердегі күндізгі уақыт. Ал жарық түспеген жағы қандай болды?Көлеңке. Бұл жердің түнгі уақыты болады. Ойын «Күн мен Жер». «Жер-ана» экологиялық ертегі.Ертегі не туралы? Адамдардың «Жер-ананы» қалай пайдаланатыны туралы, қандай зиян келтіріп, жерді зауыттар мен фабрикаларға толтырып, зиянды қалдықтарды мұхиттарға, өзен-көлдерге төгіп жатқаны туралы айтылады.</p>
--	---	--	--

<p>заттарды қорша. Оларды ата. «Аудармасын айт» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударды. Зима – қыс, қар – снег, снеговик – аккала, мұз – лед, замерзает – катады, шана – сани.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды</p> <p>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау. Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер? Қыс несімен ұнайды?</p> <p>Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді?</p> <p><i>Музыка тыңдау:</i> «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспа).</p> <p><i>Ән айту:</i> «Ақша қар» (К. Қуатбаев).</p> <p><i>Билер:</i> «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский)</p> <p><i>Ойындар, хороводтар:</i> «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру.</p> <p><i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Полька» (А. Филиппенко).</p> <p><i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарын қолданып, ырғақты сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үйрету.</p>	<p>ның шанағын және басқа да ұсақ бөліктерін қиямыз. Екіге бүктелген қағаздан домбыраның шанағын кию. Енді оюларды қиямыз.</p> <p>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше «Қошқармүйіз» оюын қиямыз. Қиылған оюды домбыра шанағының үстіңгі және төменгі жағына жапсырамыз.</p> <p>Ішектің суретін фломастермен салуға болады.</p> <p>«Қаражорға» биін билеу.</p> <p>4. Дене тәрбиесі</p> <p>Міндеттері: Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p>- Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру</p> <p>Тақырыбы: Шаңғымен жүру/ Біздің айналамыздағы әлем</p> <p>Негізгі қимылдар: кеудеге арналған жаттығулар. Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларға шаңғы, шаңғыны алып жүру, шаңғы тебуге арналған киім, шаңғымен жүрудің қауіпсіздік ережелері жайлы айтып беру. Әңгіме жүргізу. Түзету жаттығуларын орындау.</p> <p>Шынығамыз күнде біз! (Қолдарын нығына қарай бүгіп-жазу)</p> <p>Шымыр болып өсеміз! (Бірлесіп адымдап жүру)</p> <p>Мұрнымызбен тыныс алып, аузымызбен шығарамыз! (Қолдарын белге қойып, тыныс алу: демін ішіне тарту, демін сыртқа шығару. Терең-терең дем аламыз! (Қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту, төмен түсіру – демін сыртқа шығару) Қатар-қатар тұрайық! Қадам басып, сап құрайық! (Бірге адымдап жүру)</p>	<p>Балаларға кейіпкерлердің бетперделерін таңдап ойнауды ұсынады. Ертегіні сахналау.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Қай жануардан кейін қайсысы келді? Цифрмен көрсет. Бірінші тышқан келді. Сыңарын тап. Сызықпен қос.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды</p> <p>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау.</p> <p>Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер? Қыс несімен ұнайды?</p> <p>Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді? <i>Музыка тыңдау:</i> «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспа).</p> <p><i>Ән айту:</i> «Ақша қар» (К. Қуатбаев).</p> <p><i>Билер:</i> «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский)</p> <p><i>Ойындар, хороводтар:</i> «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру.</p> <p><i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Полька» (А. Филиппенко).</p> <p><i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарын қолданып, ырғақты</p>	<p>Жұмбақ шешу: Бір шетінде – жаз, бір шетінде – күз, бір шетінде – қыс, бір шетінде – көктем, керемет алып неткен? (Жер шары)</p> <p>3-сурет. Жер шарының ластануы туралы: фабрика мен зауыттардан шыққан көк түтін, жергілікті өзен-көлдердің ластануы, ормандағы коқыс, өсімдік, жануарлардың жойылуы... Біздің елде табиғат қалай қорғалады? Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңы бойынша Қазақстанның әрбір азаматы табиғатты қорғауға, табиғат байлығын сақтауға міндетті. Барлық адам табиғатты қорғауы керек.</p> <p>4-сурет. Жердің ғарыштан түсірілген суреті бойынша әңгімелейді. Қандай түстерді көріп тұрсыңдар? Жасыл, сары, қоңыр, көк. Жасыл түспен не бейнеленген? Жазық. Қоңыр түспен ше? Таулар. Сары түспен не бейнеленген? Шөлдер. Көк түспен не бейнеленген? Мұхит, теңіз. Тәрбиеші балаларды Қырағыға «Жеріміздің табиғатын қорғауға не кедергі болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап табуға көмектесуге шақырады. Тәрбиеші алдын ала дайындалған қатырғы қағаздан қиылған дөңгелектерді балаларға таратып береді, балалар түрлі түсті ермексазды жағып, Жер бедерін жасайды, гүлдермен әсемдейді.</p> <p>Қырағының пайымдауы: Жер ғалам шарын сақтау керек. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Қырағыға Жер ғаламшарының неге қуанғаны мен неге мұңайғанын түсіндір. Қай суретті қайда орналастырасың? Сызықпен қос. «Жер-ана – біздің асыраушымыз» дегенді қалай түсінесің? Әңгімеле.</p> <p>4. Дене тәрбиесі</p> <p>Міндеттері: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Тақырыбы: Африкаға саяхат.</p>
--	---	---	--

		<p>Табиғатты тамашалап, Кереметке қуанайық! (Бір орында тұрып жоғары секіру) Бораннан да қорықпаймыз! (Адымдап жүру)Қарды қағып ұстаймыз! (Шапалақ ұру) Қолымызды түзейміз,(Екі жанына түзеп қояды) Қар жетеді, ойнаймыз! (Шапалақ ұру)Біз енді қар лақтырамыз!(Сол қолмен лақтыруды бейнелеу) Қар лақтырып ойнасақ,суық өтер қолғаптан (Қар лақтыруды көрсетеді) Сонда да біз қорықтаймыз!(Оң қол (сол қолмен) лақтыруды көрсетеді) Нысананы атқылаймыз! (Шапалақ ұрады)Шаңғыға тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Дайындық жаттығулары. «Құламас қайсар»Дайындық жаттығуларын орындау: екі шаңғыда тұрып отырып-тұру. «Секек-секек»Бір орында тұрып бір аяқтан екінші аяққа секір. Шаңғымен адымдап жүру.Қол мен аяқтың қимылдарын түзету. Шаңғымен жүреді. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, белгілен ген жерге санаулы қадам жасап (8–10), жетіп алуға тырысады. Қозғалыс ойындары: «Сағат»Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады.Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).Көзге арналған жаттығулар.</p>	<p>сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үйрету.</p>	<p>«Континентті зерттейміз»Аяқтың ұшымен қолды жоғары көтеріп жүру; қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру; қолды белге қойып, табанның екі шетімен жүру. Қарқынды өзгертіп тізбекпен жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру.«Ыстық елдің жануарлары»:Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.) Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады).Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты қимылдайды.) Май-май-май – маймылды кара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау (5 рет):«Кокостармен ойнаймыз»Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін қалыптастыру.Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы.Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге қызығушылықты ояту. Балалармен жеке әңгімелесулер: «Біздің мектеп қалай аталады?», «Ол қай көшеде орналасқан?» Біз өмір сүріп жатқан еліміз қалай аталады?» және т. б.	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық	Киім ауыстыратын бөлмедегі мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: реттілік, серуенге шығу. Серуенге қызығушылықты арттыру	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс

	Енді серуендеуге барайық. Біз балалармен ойнаймыз. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)		пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды жүйелі түрде кию (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)
Серуен	Аспанды бақылау Мақсаты: қиялды дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу. «Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың қыста жансыз табиғат туралы білімдерін бекіту. Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту «Көкпар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, шапшаңдықты дамыту; ойын ережелерін сақтау қабілетін жетілдіру. Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Ауа-райын бақылау Мақсаты: зейін мен байқауды дамыту. Еңбек қызметі: қар үйіндісін жасау Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу. «Қардан не жасауға болады» дидактикалық ойыны Мақсаты: қиялды, байқауды дамыту. «Күрес» қимылды ойыны Мақсаты: реакция жылдамдығын, ептілігін дамыту. (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Құстарды бақылау Мақсаты: қыста құстардың өмірі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек қызметі: балабақша аумағында жемсалғыштар ілу Мақсаты: біздің кішкентай бауырларымызға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. «Жанды табиғат» дидактикалық ойыны Мақсаты: жабайы табиғат объектілерін жіктеуге үйрету. «Үкі» қимылды ойыны Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды, ептілікті, зейінді дамыту. (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Кіші топтағы балаларды бақылау Мақсаты: байқауды дамыту; кішілерге қамқорлық көрсетуге үйрету. Еңбек қызметі: учаскені қардан тазарту Мақсаты: еңбек тапсырмаларын ұқыпты және мұқият орындауға үйрету «Сипаттама бойынша тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: байқауды, зейінді, есте сақтауды дамыту. «Шанамен сырғанау» спорттық жаттығуы Мақсаты: шанаға дұрыс отыруға үйрету Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді тұру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. «Балалар қолын жуды» суретін қарау. Ол жайлы әңгіме. Өзіндік ойын әрекеті			
Балалармен жеке жұмыс	Үстел театры «Пых» ертегісі Көркем әдебиетті оқу: Қазақстан туралы жазушылар мен ақындар (көркем әдебиет + сөйлеуді дамыту) «Елордамыз Астананың басты көшесі» құрылыс материалынан құрылыс салу Мақсаты: алған білімдерін бекіту, елорданың бірнеше көшелерінің аттарын білу; ірі құрылыс материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық қиялын, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамытуды жалғастыру (құрастыру + қоршаған ортамен танысу)	«Хайуанаттар бағы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: жабайы жануарлардың атауын, олардың тұтқында өмір сүру ортасын, хайуанаттар бағының қызметкерлеріне қамқорлық пен күтімді көрсету. «Жануарлар» дидактикалық ойыны Мақсаты: жабайы табиғат туралы түсініктерді кеңейту; Қызыл кітапқа енгізілген жануарлармен таныстыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Экологтар» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың экологтар жұмысының адамгершілік бағыты, оның табиғатты сақтау қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы түсініктерін кеңейту. «Жер бетінде жануарлар неге жойылады?» ситуациялық әңгіме Мақсаты: табиғаттың әртүрлілігі туралы түсінік беру, кейбір жануарлардың жойылуының негізгі себептерін тізімдеу, қорғалатындарды атау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін неге қорғау керектігін түсіндіру; балалардың сөздік қорын байыту (динозавр, мамонт, теңіз сиырлары, қара ләйлек, қорықтар) (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Ветеринар» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: медицина қызметкерлерінің еңбегіне құрмет көрсетуге тәрбиелеу; қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін бекіту (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Ойыншық-ат» тақырыбында сурет салу (халық шығармашылығы) Мақсаты: заттарды табиғаттан және олардың сипаттамалық ерекшеліктерін жеткізе отырып, сурет салу дағдыларын қалыптастыру (сурет салу + қоршаған ортамен танысу)

<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар Дидактикалық ойын «Нүктелерді қос та, не шыққанын біл» Мақсаты: параққа бағдарлау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Мерекке қонаққа бару» дидактикалық ойыны Мақсаты: қоғамдық орындарда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары Жаңылтпашты қайталау Мақсаты: дыбыстың дұрыс айтылуын дамыту</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Үлкен және кішкентай сәбіз» жаттығуы Мақсаты: конус тәрізді пішіндерді айналдыруға жаттығу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>«Сықырлы фантастикалық жаңа жыл әлемі» суреттер мен қолөнер көрмесі Мақсаты: ата-аналардың шығармашылығын дамыту; ата-аналар мен балалардың бірге уақыт өткізуіне ықпал ету. «Жаңа жылдық карнавал» мерекесіне дайындық</p>	<p>Балалардың жетістіктері туралы әңгіме. Проблемалық жағдайларды шешу. Кеңес «Балалар шкафында не болуы керек және болмауы керек».</p>	<p>«Мектепке дейінгі балаларға арналған күн тәртібі» консультациясы. Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы ережелер туралы еске салу</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме «Бәр апта ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар. Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме.</p>

Қарашаның 24-27.12 күні

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: мектепалды даярлық «а» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 23.12–27.12.24ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.12	Сейсенбі 24.12	Сәрсенбі 25.12	Бейсенбі 26.12	Жұма 27.12
Балаларды қабылдау	<p>Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында желтоқсан «Бірлік пен ынтымақ» айы ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тыңдау.</p> <p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.</p>	<p>Психожаттығу «Қысқы қызықтар» Бізге қыс, қыс келді, Барлығы аппақ қар: жер, үйлер. <i>(Адымдап жүреді.)</i> Қарандаршы: қар жауады, О, қар бізге ұшады! <i>(Қолды жайып, айналады.)</i> Ағаштарда, көліктер де, Аппақ қарға оранды! Үйдің жанында-Аққала, Сәбіз мұрны көрінеді <i>(Қолмен мұрынды ұстау)</i> Оны кім жасады? - Балалар: Қыздар мен ұлдар. <i>(Қалдар бүйірде)</i> Ал қыста бізде қар, шана, шаңғы және коньки бар! <i>(Қимылмен көрсету)</i> <i>(сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)</i></p>	<p>Апта өлеңі. Бұл оқиға желтоқсан айында болған еді, Тау басында шырша тұрды, Шырша жанында ашулы қасқырлар жүрді. Бір рет түн ішінде, Орманда тыныш болған кезде, Қасқырға тау жотасында Кездесіп қалды Қоян мен Көжек. Жаңа жылда кімге ұнасын Қасқыр тырнағына түсу? Қояндар алға ұмтылды Шыршаға секіріп мінді. Құлақтары қысылып Ойыншық сияқты ілініп қалды. 10 кішкентай қоян шыршада ілініп Үнсіз тұрып, қасқырды алдады. Бұл қаңтарда болып еді – деп ойлады қасқыр, Тауда – безенген шырша. <i>(Сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет)</i></p>	<p>Саусак гимнастикасы «Жаңа жыл» Жаңа жыл келе жатыр! <i>(Қол шапалақтау.)</i> Балалар дөңгеленіп билейді. <i>(Қол ұстасқан, қолдар созылған, шынтақты бұзу.)</i> Шыршада шарлар ілініп тұр <i>(саусақтарды екі қолға кезекпен қосып, шар жасау),</i> Шамдар да жанып тұр. Міне, мұз жарқырайды <i>(жұдырықты қысу және тез ашу),</i> Қар ұшқындайды. <i>(қолды жеңіл және баяу қозғалту.)</i> Аяз Ата қонаққа келеді <i>(саусақтар тізе немесе еден бойымен жүреді),</i> Ол бәрімізге сыйлық әкеледі. <i>(Алақан ысқылау.)</i> Сыйлықтарды санау үшін, Саусақтарымызды бүгеміз: 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. <i>(Әр саусақты кезекпен уқалау.)</i> <i>(сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)</i></p>	<p>Жеке қауіпсіздік ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР» (ДӘРІЛЕР, СҰЙЫҚТЫҚТАР, ГАЗ БАЛЛОНДАРЫ) https://youtu.be/topPwzQFQIE?si=3xsiXpAbNDc b8zRp https://orken-instituty.kz/ru/telefon-y-goryachih-linij</p>
Ата-аналар мен әңгіме лесу, кеңес беру	<p>Өнегелі 15 мин. Ересектердің баланың мінезін қалыптастыруға әсері туралы ата-аналармен әңгімелесулер.</p>	<p>Өнегелі 15 мин. Ата-аналармен балалардың құрдастарымен қарым-қатынасының ерекшеліктері, баланың көтермелеуі мен жазалары туралы әңгімелесулер.</p>	<p>Өнегелі 15 мин. Балалардың дербестігін қалай тәрбиелеу туралы ата-аналармен әңгімелесулер. Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке)</p>	<p>Өнегелі 15 мин. Ата-аналармен балалардың құрдастарымен қарым-қатынасының ерекшеліктері, баланың көтермелеуі мен жазалары туралы әңгімелесулер.</p>	<p>Өнегелі 15 мин. Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы бойынша киім-кешек, балалардың көңіл-күйі, демалыс күндері туралы әңгімелесу</p>

	Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке)	Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке)		Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке)	
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	«Жаңа жылдық шырша» дидактикалық ойыны Мақсаты: биіктікті (биіктік параметрлерінің бірі) анықтау үшін өлшегішті қолдану, қала бойынша сапарды ойнау және шыршаларды орындарға жеткізу қабілетін дамыту (математика + қоршаған ортамен танысу) «Қалай өмір сүресің?» қимылды ойын Мақсаты: балалардың қимылдарды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу қабілеттерін, ойлау дағдыларын, қозғалысты үйлестіруді (дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) дамыту «Сурет салу» тапсырмасы Мақсаты: бұрын бар дағдыларға сүйене отырып, жаңа бейнені өз бетінше жасау қабілетін дамыту (сурет салу + қоршаған ортамен танысу)	«Қайсысы көп?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі заттың тең санын көру және сөйлеуде көрсету қабілетін дамыту: 5, 6 және т. б. (математика + сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Не жоқ?» Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез табу қабілетін дамыту (дене шынықтыру + математика) «Ертегілер патшалығы» ойыны Мақсаты: ертегі кейіпкерінің бейнелі мазмұнын көру қабілетін дамыту, оның мінезін ұжымдық рөлдік ойында көрсету (сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет)	«Сынған баспалдақ» дидактикалық ойыны Мақсаты: шамалардың біркелкі өсуіндегі бұзылуды байқау және атау қабілетін дамыту (математика + сөйлеуді дамыту) «Суық-ыстық» қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту (дене шынықтыру + математика) «Қиялы ұшқырлар» ойыны Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауды дамыту (сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет)	«Суретті кім дұрыс таңдайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: «жиһаз», «киім», «аяқ киім», «жеміс» жалпы ұғымдарын біріктіре отырып, суреттердің көрсетілген санын таңдау қабілетін дамыту (математика + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Айырмасын тап» қимылды ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту (дене шынықтыру + математика) Өз ойы бойынша мүсіндеу Мақсаты: балалардың қиялын, өз жұмысының мазмұнын ойлап табу қабілетін дамыту; алған білімдерін өз бетінше қолдануға машықтану (сөйлеуді дамыту + мүсіндеу)	«Танып алып, айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: тапсырмаға сәйкес суретті тез табу қабілетін дамыту (қоршаған ортамен танысу + математика) «Қайық» қимылды ойыны Мақсаты: физикалық қасиеттерді, ұжымшылдықты, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту (дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу) «Таяқшадан құрастыру» ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, балалардың логикалық ойлауын дамыту (құрастыру + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар	Таңертеңгілік жаттығулар	Таңертеңгілік жаттығулар	Таңертеңгілік жаттығулар	Таңертеңгілік жаттығулар
ҰІӨ дайындық	«Қыс белгілерін ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті жандандыру, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп	«Қандай қыс, қандай қар?» дидактикалық ойын Мақсаты: сөйлеуді сын есімдермен байыту «Мерекедегі мінез-құлық ережелері» ойын-жаттығуы	Жаңа жылдық ертеңгілікке арналған әндер мен өлеңдер үйрену Мақсаты: жаңа жылдық ертеңгілік сценарийіне сөздерді қайталау (сөйлеуді дамыту + музыка) «Шырша салу» жаттығуы	«Мереке туралы әңгімеле» ойын жаттығуы Мақсаты: болған оқиғалар туралы айту қабілетін қалыптастыру; сөйлеу белсенділігін, есте сақтау	«Экологтар» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың экологтар жұмысының адамгершілік бағыты, оның табиғатты сақтау

	көрсету, қазақ тіліндегі сөздерді атау (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті туралы білімді жандандыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Мақсаты: әр түрлі үшбұрыштардың көмегімен шырша салуды үйрену (математика +сурет салу)	қабілетін дамыту, қазақ тіліндегі сөздерді қолдану (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы түсініктерін кеңейту. «Жер бетінде жануарлар неге жойылады?» ситуациялық әңгіме Мақсаты: табиғаттың әртүрлілігі туралы түсінік беру, кейбір жануарлардың жойылуының негізгі себептерін тізімдеу, қорғалатындарды атау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін неге қорғау керектігін түсіндіру; балалардың сөздік қорын байыту (динозавр, мамонт, теңіз сиырлары, кара ләйлек, қорықтар) (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері:Сөздерге дыбыстық талдау жасау, қаламды дұрыс ұстай алу, жазу парағында бағдарлай білу. Тақырыбы:Біз нені үйрендік,нені білдік? «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт»ойынын ойнату. Үміт жылады, Инкәр ... (жыламады) Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (шулап) Ардақ жазып отыр, Асыл ... (жазбай отыр) Қыздар биледі, ұлдар ... (билемеді)	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыру Тақырыбы:Суықторғай Торғайлар мен мысық ойыны. Тәрбиеші мысық, ал балалар торғайлар болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың даусын естісімен «торғайлар» ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысықты» ауыстырады. Ойын осылай жалғаса береді. – Балалар, біз торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздерге дыбыстық талдау жасау,түрлі сызықтарды салу,қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызғушылықпен орындау Тақырыбы: Біз нені үйрендік,нені білдік? «Кім не істейді?»ойыны. Шофер не істейді? Ұшқыш не істейді? Етікші не істейді? Бағбан не істейді? Ұста не істейді? Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер	1. Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді дамыту Тақырыбы:Ақсақ құлан Жылқы тектес жануарлардың суретін іледі (жылқы, құлан). Әр суретке тоқталып, түсініктеме береді. Құлан – жылқы сияқты жалы бар, аласа бойлы, тұяқты, жабайы жануар.Құлан Қызыл кітаптың қызыл парағынан орын алған. Құлан жылқы сияқты жүйрік, есекше ақырып, жылқыша пысқырынады. Құландар суда да жақсы жүзеді, кейде ені жалпақ	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері:Дыбыстардың белгілерін ажырату. Тақырыбы:Біз сөйлем құрай аламыз «Артығын тап» ойынын ойнату. Қыс, көктем, жаз, күз, үз. (үз) Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ) Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана) Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға) Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген.

<p>Актөс үрді, Құтжол ... (үрмеді) Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызылжалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығуы: «Дауысты сөзден баста» Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) Сүйікті сусының? (Айран т.б.) Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Аскар, Ынтымақ, Олжас.) Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асыю»), «Аркантартыс» т.б. Ойын-жаттығу: «Сөз таңда» Тәрбиеші мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. Мақал – сөздің мәйегі. Оқу ... құдық қазғандай. и-не, кү-рек, қа-сық. Ата көрген ... жонар оқ, оқ-тау, ер. Ана көрген ... пішер.</p>	<p>жоқпыз. Бүгін жазушы Максим Зверевтің «Суықторғай» атты әңгімесімен танысамыз. Суықторғай. Қысты күні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағалауына көкпеңбек жалтыр мұз катады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан, зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! Бұл құсты суық торғай дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін судың түбінен табады. Сөздік жұмысы: көкпенбек жалтыр мұз. Әңгімеде жылдың қай мезгілі суреттелген? Әңгіме не туралы? Суықторғайды сипаттап бер. Суықторғай жемін қайдан табады? Суықторғайды не үшін ғажап құс дейді? Балалар, құстар үйі</p>	<p>дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда» Сөздегі дыбыстарды анықтаңдар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті? Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап» Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата» (доппен) Балалар, мен сендерге допты лақтырып, сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз т.б. Дидактикалық ойын: «Буынға бөл» – Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атауын шапалақпен буынға бөліңдер. Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-іе, та-бақ, ке-рік, ти-яз, ө-рік, жыл-қы т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суретке қарап, сөйлем құра. Сызбасын сыз. Сөздерді буынға бөліп айт. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) Штрихта. Үзік сызықтарды бастыр. 2. Көркем әдебиет</p>	<p>өзеннен киналмай-ақ жүзіп өте шығады. Олардың көргіштігі мен нішілдігі өте сак жануар екендігін аңғар тады. Құландар ұшы-қиырсыз жазық далада үйір-үйірімен жүреді. Жаздағы қатты жел мен қыстың бораны құландар үшін өте қолайсыз. Құландар ауа райының құбылатын дығын алдын ала сезеді. Жел, боран соғардан бұрын бұтаны, сай-саланы сағалап, ықтасынға тасаланады. Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз деген – ерте кезде өмірде болған оқиға. Сөздік жұмысы: қорғасын – көкшіл сұр түсті металл «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? Аңызда не туралы айтылған? Балаларды жаңа дыбыстармен таныстырады. Р, л дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. Л дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. Л, р – дауыссыз дыбыстар. Дидактикалық ойын: «Л, р дыбыстарының орнын анықта» Лақ, құлан, құлақ, бал, Райхан, айран, қырық, қыр, жыр. Үлестірмелі материалмен жұмыс Суретке қара. Құлан</p>	<p>(күлдірген) Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта» Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра. Балалар, мен сендерге А. Меңжанова апайларымыздың «Бұл қай мезгіл?» өлеңін оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, қай мезгіл туралы айтылғанын табуларың керек. Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Бұлтты айдай желдеткен, Нөсерлеткен, селдеткен. Шалшық кешіп ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Қойның толы жеміске, Көк майсалы өңісте. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың?</p>
---	---	---	---	--

<p><i>жсей-де, тон, көй-лек.</i> Асықпаған арбамен . . . алады. <i>тұл-кі, қо-ян, а-ю.</i> Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. Дыбыстық талдау жаса. Есік сөзінің дыбыстық сызбасы. <i>Есік</i> сөзінің дыбыстық талдауы. <i>Есік</i> сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. Суреттерді ата. [3] дыбысы бар сөзді қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>) Қозы мен құлын шақты бастыр. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: 10 көлемінде сандарды тура және кері санауға жаттықтыру Тақырыбы: 10 көлемінде сандарды тура және кері санау. Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым балаларды қаладан тыс жерге пойыз бен жетіп, шанамен сырғанақ тебугешақырады. Балаларды вагон болуға шақырады. Он бала бір-бірінің артынан тұрып,</p>	<p>құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. Әңгімедегі суықторғай қандай құсқа жатады? Ойынды ортаға сал. Жабайы құстар қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Суретпен жұмыс. Суретте жемсауытта отырған құстар – торғай, қарға, көгершін, сауысқан. Балалар, қазір ауладан қай құсты көріп жүрсіндер? Оларға қамқорлық жасап, жем, нан үгіндісін сеуіп жүру керектігін ұмытпаңдар. Балалардың назарын екінші суретке аударады: тоқылдақ, қарлығаш. Мына жерден өздерің білетін құстарды атаңдаршы. Құстардың қандай пайдасы бар? Тоқылдақ ағаштың қабығы арасынан құрттарды теріп жейді, сондықтан оны <i>ағаш дәрігері</i> деп атайды. Қарлығаш ұясын қай жерлерге салады? Торғайдың ұясын бұзған баланы кім дейміз? Торғай, торғай, торғайсың, Таяу келіп қонғайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда аязға тоңбайсың. Ж, ш дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: ж, ш дыбыс</p>	<p>Міндеттері: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Бірлік Аппақ, аппақ, ақ мамық, Жерде жатыр тапталып. (<i>Қар</i>) Қар жылдың қай мезгілінде жауады? Бүгін ауа райы қандай? Қыста күн суық, ызғарлы болады. Барлық жерде көшелерді де, айналаны да тазартып жатады. Бүгін біз еңбеккер, бірлігі жарасқан балалар туралы Ермек Өтетілеуұлының «Бірлік» әңгіме сімен танысамыз. Әңгімені мәнер леп оқу, мазмұнын түсіндіру Сөздік жұмысы: <i>қора</i> – мал тұратын, құрал-саймандар қоятын орын, <i>жай күрек</i> – жер қазатын, қар тазалайтын құрал, <i>аула</i> – үйдің, алды. <i>Сұрақ-жауап</i>: Әңгіме не туралы? Авторы кім? Данияр қолына не алды? Нені тазалауға кірісті? Даниярға кім көмектесті? Екеуі кімнің үйінің алдына барды? Олардың жанына тағы кімдер көмекке келді? Олар қалай қуанды? Даниярдың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? Әңгіме қалай аяқталды? Балалар, тек ойнай бермей, бір мезгіл еңбек ету қандай тамаша! Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым, Барлық істі атқарған.</p>	<p>туралы небілесің? Ол қандай жануар? Сөзді буынға бөл. Суретті бастырып сыз. Домбыраны боя.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Күрделі форма дағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Тақырыбы: Заттармен әрекет «Орнамайық тәртіпті!» дидактикалық ойыны. Жұптасқан балалар пішіні, түсі және өлшемі бойынша әртүрлі ағаш жапырақтары бар кесінді карточкалар жинағын алады. Балалардан құралған әр жұп жапырақ тарды өз ерекшеліктеріне қарай орналастырады: пішіні бойынша, біреу түсі бойынша, біреу өлшемі бойынша. Соңында әр жұп өз таңдауын айтып түсіндіреді: бұл қызыл заттар жиынтық тобы (дөңгелек заттар, үлкен заттар және т.б.). (мысалы, 5). Қалған топтар санды салыстырады және заттары артық, кем немесе тең екенін айтады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Заттарды түсі бойынша сана. Сонша таяқшалардың суретін сал. Балалар заттардың санын түсі бойынша анықтайды, сонша таяқшалардың суретін салады. Түсініктеме береді: бес көк зат және т. б. 2-тапсырма. Көк және жасыл түсті заттардың барлығы</p>	<p>Балалар өлең қай жыл мезгілі туралы айтылғанын табады. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Жыл мезгілдерін ата. Қазір жылдың қай мезгілі? Күз, қыс, көктем, жаз өздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз. Суреттерді ата. Буынға бөл. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Тақырыбы: Жаңа жыл келді Балалар, жақында қандай мерекені қарсы аламыз? Қандай мереке шырыссыз өтпейді? Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? Бүгін біз ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Тәрбиеші өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді Сөздік жұмысы: <i>жылыстап</i> – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын. Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлең не туралы? Жаңа жылда балалар не істейді? Жаңа жылда бізге кім келеді? Аязата мен Ақшақарды сипаттап бер. <i>Тіл ұстарту жаттығуы</i>: Ша-ша-ша – жап-жасыл шырша.</p>
---	--	--	---	---

<p>пойыздың қозғалысын жасайды. Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі цифрды бар карточкалар беріледі. Тәрбиеші қалған балаларға вагондарды тікелей және кері тәртіпте 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады.</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p>1-тапсырма. Суретке қара. Қандай вагондардың нөмірі жоқ? Оларды ата. Сурет бойынша балалар тура және кері бағытта санайды. Карточкалармен жұмыс. Тақтада немесе үстелдерде балалар 1-ден 10-ға дейінгі сандық қатарды орналастыруы керек. Тура және кері тәртіпте сана.</p> <p>«Аққаланы санаймыз» жұптық жұмыс. Балалар аққалаларды үстелдерге қояды, біреуі тура санаса, екіншісі кері санау жүргізеді, содан кейін балалар өз орындарымен ауысады. 2-тапсырма</p> <p>Суретте балалар не істеп жүр? Төбешікте неше бала тұр? Сана. Оларға қанша бала көтерілуде? Барлығы қанша болады? Төбешіктен неше бала төмен сырғанады? Төбешікте нешеуі қалды?</p> <p>3-тапсырма. Суреттерде не бейнеленген? Сана және</p>	<p>тарын айтқанда тілдің ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді.</p> <p>Ш дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: Ша-ша-ша – шана Шу-шу-шу – шуда Шы-шы-шы – шыны Ше-ше-ше – шелек Ши-ши-ши – шиеші Шө-шө-шө – шөп Аш-аш-аш – ашық Ұш-ұш-ұш – ұшқыш Ыш-ыш-ыш – қыш Өш-өш-өш – көш Шемішке шақсаң шақ, Шапшаң шақ.</p> <p>Шөбінді шапсаң шап, Шапшаң шап. Ж дыбысын буын ішінде келтіру. Жаңылтпаш айтайық. Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс. Жоқ әлі еш сыбыс.</p> <p>Жоғалды бес шыбыш, Үлестірмелі материалмен жұмыс. Бұрыс қылықтарды қызыл түспен, дұрыс қылықтарды жасыл түспен боя. Теріс қылық көрсеткен балаға қандай ақыл айтар едің? Балаларды екі топқа бөліп, бірінші топқа сана ғыштан қараторғайға ұя құрастыру тапсырылады. Екінші топқа кірқыстырғыш таратылып, қарлығаш ұясын құрастыру тапсырылады.</p> <p>2. Математика негіздері</p>	<p>Үлестірмелі материалмен жұмыс</p> <p>Суретте балалар не істеп жүр? Қыста балалар қандай ойын ойнайды? Қыста балалар үлкендерге қалай көмектеседі? Қыс мезгіліне тән заттарды қорша. Оларды ата. Жұмбақты шеш.</p> <p>Зулап түсіп төменге, Шықпас менсіз төбеге. (Шана) Аққалаға не жетіспейді? Аяқтап сал. «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» дегендей, бірігіп еңбектену пайдалы нәрсе.</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Құрастыру: Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану</p> <p>Сурет салу: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру</p> <p>Мүсіндеу: Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану</p> <p>Жапсыру: Заттарды қалауы бойынша қиып жапсыру.</p> <p>Тақырыбы: Қысқы орман</p> <p>Е. Өтетілеуұлының қыс туралы өлеңін оқу. Қыс қызығы</p> <p>Аппақ көше, бар дала, аппақ ой мен қыраттар, Ақ шатырлы қар қала, ақ жамылып тұрбақтар. Аулада ойнап шулайды, қар лақтырып балалар, Сырғанақта зулайды, шаңғышылар, шаналар. Балалар, тақпақ ұнады ма? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды? Жыл мезгілінің бәрі де жақсы. Әр жыл мезгілінің өзіндік</p>	<p>қанша? Сана. Қызғылт және сарғыш түстердің барлығы қанша? Тиісті цифрды қоршап сыз. Тәрбиеші мысалы, көк және жасыл заттарды бірге санауды және олардың қанша екенін атауды сұрайды. Цифрды бар карточкалар көрсетілу керек. Тәрбиеші геометриялық фигураларды – үшбұрыштар мен шаршыларды – көк түстерді (барлығы 9 дана) орналастырады және осы фигуралар тобына (түсі) не ортақ екенін сұрайды. Содан кейін, мысалы, шаршыларды алып тастайды. Топта не қалды? (көк үшбұрыштар), олардың саны қанша? (5) Жойылған фигура лар тобын қалай атауға болады? (Көк.) Топтық жұмыс. «Заттарды қорапқа жина» ойыны. Әр топқа қораптар мен геометриялық фигуралар жиынтығы беріледі. Әр қорапта балалар пішіні немесе өлшемі бойынша фигураларды жинайды. «Кімде сонша» ойын жаттығуы. Балалар әрқайсысында әртүрлі геометриялық пішіндер салынған карточкаларды алады (2-ден 10-ға дейін). Әр ойыншы осындай бір немесе екі карточканы алады. Әр ойыншы карточкаларда көрсетілген шеңберлер саны бар карточканың қай балада екенін анықтауы қажет.</p>	<p>–Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретте балалар не істеп жатыр? Әр балаға ат қой. Жаңа жыл мерекесі қалай тойланады? Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласан, Төріндемін үйіңнің. (Шыриша)</p> <p>Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос. Жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» (баланың қиялын дамыту)</p> <p>Шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері қолдан жасаған қағаз ойыншықтармен безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз.</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Міндеттері: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну</p> <p>Тақырыбы: Тұрмыстық техника. Оның қажеттілігі «Шаңсорғыш» ойыны. Балалар біз қазір өз үйіміз</p>
--	--	--	--	--

<p>ата.Алаңқайда 3 аққала болды. Біреуі еріді? Қалғаны қанша? (2.) «Алдымен – содан кейін» дидактикалық ойыны.Қар ұшқыны – аққала, астық – өсімдік, иірілген жіп – жемпір және т.б. балалар суреттерді қарайды, алдымен не болғанын айтады, содан кейін олар өз жауаптарын түсіндіреді. 4-тапсырма.Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле.Жұптар қандай принцип бойынша жиналды? (Үй жануарлары қандай пайда әкеледі?) 3.Қоршаған ортамен танысу Міндеттері:Өлі табиғат ұғымымен таныстыру,өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу Тақырыбы:Қардың пайдасы«Қателерімді түзет» ойыны. Жұмбақ жасырады: Аппак, бірақ сүт емес, Аспаннан ол түседі, Аппак, бірақ бор емес, Далалар шарларды рет-реті мен өз бетімен сәйкестендіріп сызады. Кері санайды. 3-тапсырма жұптық жұмыс. Түйіршіктеліп, жапалақ</p>	<p>Міндеттері: 10 көлемінде сандарды салыстыру,саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Тақырыбы: 10 көлемінде сандарды тура және кері санау. Карточкаларды алады (10 адамнан тұратын топтар). Тәрбиешінің нұсқауымен балалар қатарға тұрады, реттік санауды ұйымдастырады: бірінші, екінші ... т.б. Одан кейін кері бағытта санауды ұсынуға болады. Кез келген саннан бастап санауды ұсынуға болады.Мысалы, 5-тен 10-ға дейін. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Түлкі баспал дақпен көтеріледі. Онымен бірге сана. Түлкі төмен түседі. Кері сана. Суретті қара. Баспалдақта қанша саты бар? Әрі қарай, 1-ден 10-ға дейінгі цифр салынған карточкалар орналастырылады. Кері санауды ұсынады. 2-тапсырма.Әуе шарларын ретімен сызып қос. Кері сана. Балалар шарларды рет-реті мен өз бетімен сәйкестендіріп сызады. Кері санайды. 3-тапсырма жұптық жұмыс.</p>	<p>ерекшеліктері бар. Қысқы табиғат бейнеленген суреттерді қарастыру. Суретшіге айналып, қысқы орманды бейнелеуді ұсыну. Үлестірмелі материалдағы «Қысқы орман» сюжетті суреті. Балалар, мына суреттен не көріп тұрсыңдар? Балалар, айнала қандай? Ағаштар қандай? Неге жапырақтары жоқ депойлайсыңдар? Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіру. Алдымен қысқы ормандағы ағаштарды қиып аламыз. Ақ қағазды ұсақтап жыртып қар жасаймыз. Қиып алған бөлшектерді орнына жапсырайық. Тербеледі ағаштар, Бетіме жел соғады. Кіп-кішкентай балалар, Ер жетеді, өседі. Жұмыс барысында П.Чайковскийдің «Жыл мезгілдері. Қаңтар» музыкасы ойнап тұрады. Балалар шығармашылығы. 4.Дене тәрбиесі Міндеттері:Балалардың дербес қимыл белсенділігінұйымдастыру да,менгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау,ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Тақырыбы:Байқоңыр«Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз жаттығудан өттік. Енді зымыран дармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу</p>	<p>3-тапсырма.Кері қарай сана. Қандай цифрлар көрсетіл меген? Оларды сызып қос. Жұптық жұмыс.Балалар тапсырманы орындайды. 4-тапсырма. Штрихта. 3.Қазақ тілі Міндеттері:Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту Тақырыбы:Жаңа Жыл құтты болсын! Жаңа сөздермен таныстыру. Сикырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау.Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз. – Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. – Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? – Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. – Мынау – Ақшақар. – Мынау кім? – Мынау – Ақшақар. – Мынау – сыйлықтар. – Мынау нелер? – Мынау – сыйлықтар. – Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. – Ақшақар балаларға не таратып жатыр? – Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.</p>	<p>дегі заттарды атаймыз. Асүйден бастайық.Асүйлерінде қандай заттар бар? Газплитасы, ыдыс-аяққа арналған сөрелер, үстел, орындық, тоназытқыш. – Қонақ бөлмеде қандай заттар бар?Диван, кресло, теледидар.Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастыра едік? Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады: а) үй жиһаздары: сөрелер, үстел, орындық, диван, кресло;ә) электр бұйымдары, тұрмыстық техника: тоназытқыш, газплитасы, теледидар. Суретпен жұмыс.Тұрмыстық техникаға не жатады? Тоназытқыш, кір жуатын мәшине, газплитасы, компьютер, үтік, теледидар, қысқа толқынды пеш. Балалар, бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? Қол еңбегін жеңілдету үшін.Адамдар қол еңбегін жеңілдету үшін, тұрмыстық техниканы ойлап тапты. Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда. Газплитасы не үшін қажет? Тамақ пісіру үшін.Газплита сы немен жанады?Газ және электр плитасымен.Тамақты газ және электр тоғымен пісірген жеңіл ме, әлде</p>
--	--	--	--	--

	<p>тап, калықтап, мұздақтап т.с.с. Біз қардың қалай түзілетіні жайлы әңгіме лесеміз. Қардың түзілуі жайлы бейнебаян Теңіз, мұхит, өзен, көлдегі су буланады. Бу түрінде судың ұсақ бөлшектері аспанға жоғары көтеріледі, бу салқындап, бір-бірімен қосылып, қартүйіршік терін түзетін шағын кристалдарға айналады. Қар бұршіктері бұлттарға жиналады, олар көбейіп, толып кетеді, ауырлағанына қарай, ақырын жерге түседі. Қар түйіршіктері – кристалдар, бу бұлтқа түскен бойда олар бірден жеңіл, нәзік қар түйіршіктеріне айналады. Жерге құлаған кезде қар түйіршіктері бір-біріне жабысып, қатты аяз болмаса, үлпек қар түзеді. Жерге аппақ, жеңіл, жарқыраған қар басады. Қарды басқанда, сықырлайды, қар жылтырайды, ұсақ бөлшектері көз қарықтырып жылтырайды, жарқырайды. Қардың қандай түрлері болады? Дымқыл, құрғақ, үлпілдек. Қандай қардан аққала жақсы соғылады? Дымқыл қардан, өйткені дымқыл</p>	<p>Баспалдақ кірпіштерін тиісті түспен боя. 10-нан 1-ге дейін кері сана. Баспалдақ кірпіштерін қажетті түске боя. 10-нан 1-ге дейін кері тәртіпте сана. «Жұп таңда» ойын жаттығуы. Қияр – көгөніс. Түймедақ – ... (гүл) Педагог – мектеп. Дәрігер – ... (емхана) Үстел – дастарқан. Еден – ... (үй, кілем) Таң – таңғы ас. Кеш – ... (кешкі ас, серуен) Күз – жаңбыр. Қыс – ... (қар) 4-тапсырма. Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле. Балалар тапсырманы талқылайды, өз ойларын айтады. Қорытынды жасайды: жұптар кім не жеңді деген принцип бойынша жиналған. «0 – 10 цифр бар пазл-кілемше» ойыны. 3. Қазақ тілі Міндеттері: Әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдау, әңгіме лесеуіне сұрақтарды дұрыс қою, оған қысқа және толық нақты жауап беру. Тақырыбы: Саяхатшы ертегісі «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту. Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, тәрбиеші бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б. Балалар әр дұрыс жауап</p>	<p>кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру. Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады. Топтарға бөлініп, негізгі кимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поротекшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. «Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады. Тепе-теңдік:</p>	<p>– Мынау – Аязата. – Мынау кім? – Мынау – Аязата. – Аязата балалардың тапқақтарын тыңдап отыр. – Аязата не істеп отыр? – Аязата балалардың тапқақтарын тыңдап отыр. – Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тапқақ оқиды, ойын ойнайды. – Балалардың көңіл күйлері қандай? – Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тапқақ оқиды, ойын ойнайды. – Мынау – шырша. – Мынау не? – Мынау – шырша. Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар не істейді? Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздерді жеке, хормен қайталау. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-к-к -Ақ-қ-ша-қ-қар-Ақшақар Қ-қ-к-к-сый-лық-қ-сыйлық. Шағын мәтін құрап айтады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлық тар әкеледі. Балалар мерекеледе ән айтып, тапқақ оқиды, ойын ойнайды. Балалар мәтінді қайталайды. Жұмыс дәптері</p>	<p>пешке от жағып пісірген жеңіл ме? Газ және электр плитасында. Балалар, адамдар уақытын үнемдеу үшін, еңбекті жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты. Тұрмыстық техника электр тоғымен жұмыс істейді. Өзекті сұрақ: Тұрмыстық техника адамдарға керек пе әлде ол керісінше, кедергі келтіре ме? «Жалғастыр» ойыны. Айжанның анасы демалыс күні үйдің ішін жинастырмақшы болды. Айжан анасына көмектесіп жүрді. Анасы оған кішкене ыдысқа су құйып берді, қолына шүберек ұстатты. Айжан ... (шүберекпен шаң сүртті). Балаларға Айжанның одан арғы іс-әрекетін өздері айтуды ұсынады. Анасы шаңсорғышты алып шықты. Айжан шаңсорғышты өзі іске қоспақшы болды. Оған анасы рұқсат етпеді. Ол қызына былай деді: ... Анасы: «Қызым, шаңсорғыш электр тоғымен жұмыс істейді. Сенің қолың су. Сулы қолмен үтік, шаңсорғыш сияқты заттарды ұстауға болмайды», – деді. Анасы Айжанға не үшін шаңсорғышты іске қосуға рұқсат бермеді? Суретте</p>
--	---	---	--	---	--

<p>қар жабысқақ, аққала соғу оңайға соғады. Қардың көп жауғаны жақсы ма? Дала дағы қар тоқтату жайлы бейнебаян көрсетіледі. Қар тоқтату жұмысы ауыл шаруашылығы үшін маңызды. Орманы аз, жел жиі соғатын ашық дала ларда көп қолданылады. Қар тоқтатудың түрлері: егістік ке қалқа орнату; қардан жал, десте жасау; егістікке ықтасын жасау. Құрғақ шылқ жиі кезде сетін аймақтарда қар тоқтату әдісі жақсы қолға алынған. Топырақта ылғалдың біршама қорын жинаса, мол өнім алынады. Оңтүстік аймақта қар қыстайтын дақылдарды (күздік дәнді дақылдар, кейбір майда жемістер, көп жылдық шөптер) қысқы және ерте көктемгі суықтан қорғайды. Үлес тірмелі материалдармен жұмыс. Көлтауысарға қардың пайдасы туралы әңгімеле. Қар көп жауғаны жақсы ма? Қандай қысқы еңбекті білесің? Ата ойын дарды ата. Әңгімеле. Саған қандай ойын ұнайды? Белгіле. Табиғаттағы қардың түзілуін бағдар</p>	<p>үшін фишкadan алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Арман: Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқу. Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу: Ертегі ұнады ма? Ертегідегі кейіпкерлерін ата. Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Тепе-теңдік жолменен Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт, Келе жатқан жете алмай, Мынау – біздің мекенжай. Ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? Суретін сал. Суретке кара. Жасырынған заттарды тап. Ата.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Балалар шығармашылығын дамыту Тақырыбы: Қыс қызығы Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу.</p>	<p>Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі. Зейіндерін жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?» Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді. Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады.</p>	<p>мен жұмыс. Суретке кара. Қандай мереке бейнеленген? Мерекеге кімдер келді? Әңгіме құра. Шыршаны безендіреміз. Ойыншықтардың суретін сал. Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Ойынның мақсаты: сөздерді, сөйлемдерді түсініп, меңгерту. Ойынның шарты: педагог сөйлем айтады, балалар оның дұрыстығын анықтайды, дұрыс болса: «Дұрыс», – деп, дұрыс емес болса: «Бұрыс», – деп айтады. – Қыста жаңбыр жауады. Бұрыс. – Жаңа жыл мерекесі жазда болады. – Бұрыс. – Қар сары. – Бұрыс. – Қыста суық, аяз болады. – Дұрыс. – Қыста біз шаңғы тебеміз. – Дұрыс. – Сәбіз ағашта өседі. – Бұрыс.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Билер. Музыкаға сөйкес орындалатын би қимылдарын білу. Тақырыбы: Қыс қызығы. Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу. Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық.</p>	<p>электр желісін су қолмен ұстап жатқан көрініс бейнеленген. Ешқашан су қолмен электр жүйесіне жақындауға болмайды! Өйткені су электр тогын өте жақсы өткізеді. «Көп ойла, сөз ойла» ойыны. «Қызметіне қарай ата» ойыны. «Заттардың ортақ атауын тап» ойыны. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Саққұлақты суреттегі заттармен таныстыр. Тұрмыстық техникаға жатпайтын затты белгіле. Заттарды 1-ден 6-ға дейінгі рет бойынша резеткімен қос.</p> <p>4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау. Тақырыбы: Ғарышқа саяхат «Кім зейінді?» Зейінді тексеруге қимыл-қозғалыс ойыны. «Ғарышкерлердің» әрқайсысы зымырандағы өз орнын есте сақтап алуы керек. Басқарушылардың артынан төрт тізбекке тұрады. Бастаушылар тәрбиеші көрсеткен жерге барып орналасады да жалауды көтереді. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, зымыранға отырып үлгеруі керек. Командир</p>
--	---	--	---	--

<p>шамен көрсет. Қар айналымы қалай жүреді? Әңгімеле.</p> <p>4.Дене тәрбиесі Міндеттері:Дербес қимыл белсенділігі.Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау,олардың жарыстар ұйымдастыруға белсенділігін қолдау. Тақырыбы:Құрлықтар бойынша саяхат. Еуропаға саяхат«Пойыз» ойын-жаттығуы. Ирелендеп жүгіру: жүгіру қарқынын және бағытын өзгертіп жүгіреді. «Ұшақтар» ойын-жаттығуы:Африка. Африка, Африка, ғажайып ел! Африка, Африка, ыстық ел! Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау: Арктика.Арктикада аяз. Жиі қарлы боран соғады. Аппақ аю мекендейді.Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. (2 рет) Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан</p>	<p>Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық. Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға! <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюлардың жүрісін салады. Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады. Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу. <i>Музыка тыңдау.</i> «Вальс» (С. Майкапар). Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер? Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбыңмен билеуге болады. <i>Ән айту:</i> «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев).Әнде не туралы айтылған?Әннің көңіл күйі қандай?Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.Үйренген әнді «Ақша қар» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. <i>Билер:</i> «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалар биге жұптасып қатысады. Қимылдарды анық жасауға ұмтылады.<i>Ойындар, хороводтар:</i> «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны.</p>		<p>Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға! <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюлардың жүрісін салады. Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады. Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу. <i>Музыка тыңдау.</i> «Вальс» (С. Майкапар). Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер? Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбыңмен билеуге болады. <i>Ән айту:</i> «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев).Әнде не туралы айтылған?Әннің көңіл күйі қандай?Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.Үйренген әнді «Ақша қар» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. <i>Билер:</i> «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалар биге жұптасып қатысады. Қимылдарды анық жасауға ұмтылады.<i>Ойындар, хороводтар:</i> «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны. Балаларды жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға үйрету.</p>	<p>қолына батареялы ойыншық рөлді алады. Балалар «паровоз» жасап, төрт тізбекке бес-бестен тұрып, залмен командирлерінің артынан шеңбер бойымен түрлі бағытта ғалам жүре бастайды.Ойын жаттығуы: «Зымыранның ұшуы». Зымырандарды басқару тетігін қосу. «1-2-3 – кеттік!» сигналы. Нұсқау – тура педагогтің артынан «ұшу».«Музыкалы ғалам шар». Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. «Секектегіш» ғаламшары. Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30см заттардан аттап секіру. «Түрлі түсті ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғын дары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.Сөбеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады.</p>
---	--	--	---	--

	<p>жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады. Азия (Эверестке шығу) Эверест – дүниежүзінің ең биік шыңы. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеуді бекіту. Антарктида. Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы. Екі тізе мен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. «Қайықта» ойын-жаттығуы. Аустралия Үнді мұхитын жүзіп өтіп, Аустралияға жеттік. Ғажайып материк. Кел, досым, көрелік. Қалталы аңдар – Тиін, егеуқұйрық, кенгуру, Коала деген аю және бар. «Кенгуру» ойын жаттығуы. Екі тізенің ортасына допты қысып секіруге жаттықтыру, өзін-өзі қадағалай білу шебер</p>	<p>Балаларды жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға үйрету. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Полька» (А. Филиппенко). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіру. <i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарында әуен ырғағын сезіне еркін ойнауға баулу.</p>		<p><i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Полька» (А. Филиппенко). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіру. <i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарында әуен ырғағын сезіне еркін ойнауға баулу.</p>	<p>Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. «Жорғалаушылар ғалам шары» – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді. Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады. «Сикырлы ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады. «Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс ойыны. Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді. «Табиғат дыбыстары» музыкасын тыңдау. Жер – ең керемет ғаламшар екендігін, біздің үйіміз екендігін естеріне сала кету.</p>
--	--	--	--	---	---

	ліктерін қалыптастыру. Бірінші сапта тұрған ойыншылар екінші саптағыларға допты тізелерінің ортасына қысып секіріп барады. Допты түсіріп алмауға тырысады.				
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге қызығушылықты дамыту.	Серуендеуге қызығушылықты дамыту. Балалармен жеке әңгімелер: «Біздің мектеп қалай аталады?», «Ол қай көшеде орналасқан?» Біз өмір сүріп жатқан еліміз қалай аталады?» және т. б.	Енді серуендеуге барайық. Біз балалармен ойнаймыз. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)
Серуен	Ауаны бақылау Мақсаты: белгілерді көруге және атауға, себептерін түсіндіруге үйрету. Еңбек қызметі: кіреберістегі қарды тазарту «Міне, суық, міне, аяз» қимылды ойыны Мақсаты: сөздерді нақты айтуға және әрекеттерді орындауға үйрету. Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Көлікті бақылау Мақсаты: көлік түрлері туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: жолдардан қарды сыпыру «Қояндар мен қасқыр» қимылды ойыны Мақсаты: балаларда сигнал бойынша қимылдарды орындау қабілетін дамыту; жүгіру, екі аяқпен секіру, отырып-тұруда, қағып алуда жаттығулары. Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Аумақтағы іздерді қарау Мақсаты: байқауды дамыту; әртүрлілікті байқауға үйрету. Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту «Екі аяз» қимылды ойыны Мақсаты: реакция жылдамдығын, ептілікті дамыту; ойын әрекеттерін сөздермен үйлестіру қабілетін бекіту. Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Құстарды бақылау Мақсаты: құстарға сүйіспеншілік пен назар аударуға тәрбиелеу (ұя жасау, қоректендіру). Еңбек қызметі: учаскені қардан тазарту Мақсаты: табандылыққа тәрбиелеу. «Ормандағы аю» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, жүгіруді, зейінді, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту. Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)	Жүргіншілерді бақылау Мақсаты: адамдардың киіміндегі өзгерістерді байқауға, ережелерді сақтамаудың себебі мен ауа-райына сәйкес киінбеу салдарын көруге үйрету. «Не істейміз, кім болып жұмыс істейміз?» дидактикалық ойын Мақсаты: жасырын әрекетті мимикамен және қимылмен көрсету қабілетін бекіту. Еңбек қызметі: ғимаратты қардан тазарту «Кімнің тобы тезірек жиналады» қимылды ойыны

					Мақсаты: өз орнын тез табу, мекенді бағдарлау жылдамдығымен жаттығу; зейінді дамыту. Еркін ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. «Балалар қолын жуады» суретін қарау. Ол жайлы әңгіме.	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру;	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру;	Өзіндік ойын әрекеті (сөйлеуді дамыту+қоршаған ортамен танысу)
Балалармен жеке жұмыс	«Жақында мереке» шығармашылық қызметі. Мақсаты: сөздердің нақты айтылуын, өлең оқуды, жана жылдық әндерді айтуды пысықтау (сурет салу + сөйлеуді дамыту)	«Жаңа жылды бейнелейміз» Шығармашылық қызмет Мақсаты: қиялды дамыту; көргендерін бейнелеуде жаттығу (сурет салу + сөйлеуді дамыту) Мозаика Мақсаты: моториканы, жазықтықта бағдарлауды, үлгі бойынша қою қабілетін дамыту (құрылыс + математика)	«Көңілді пойыз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін үйрету, бір-біріне көмек көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) Трафаретпен жұмыс Мақсаты: қарындашпен сурет салудың техникалық дағдыларын, трафарет бойынша шеңбер жасай білуді дамыту (сурет + математика)	«Шаштараз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды шаштараз мамандығымен таныстыруды жалғастыру; қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу; балалардың сөздік қорын кеңейту (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Қып ал да, жапсыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын бекіту, аппликация элементтерін қағаз парағына орналастыру мүмкіндігі
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперимент)	Қарым-қатынас дағдылары «Кім мұқият» дидактикалық ойыны Мақсаты: дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Санды құрастыр» (лего-конструкция) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; сандарды құрастыруды үйрету	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Қуыршақ ауырып қалды» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: науқасқа қамқор болуға үйрету, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу	Танымдық және зияткерлік дағдылар «Бір сөзбен айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: жалпылама сөздерді таңдауда жаттығу	Тату-тәтті қазақ отбасы» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларда біздің үлкен көпұлтты отбасында өмір сүретініміз туралы білімді қалыптастыру; рөлдерді бөлуге үйрету

талдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)					(қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Тақия тастамақ» (көрінбейтін тақия) қазақ ойыны Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін, ойлау және қиялын қалыптастыру (дене шынықтыру + музыка)
Балалардың үйге қайтуы	Стендтік консультациялар: «Балаларға арналған Жаңа жыл мерекені қалай ұйымдастыруға болады», «Жаңа жылдық мерекелерді қалай тиімді өткізуге болады» Мақсаты: ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату.	Ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату. «Біз баланы қысқы серуенге дайындаймыз» ата-аналармен әңгімелесулер	«Баланың дене тәрбиесіндегі отбасының рөлі» стендтік кеңес. «Қыста балалардың денсаулығын қорғаудың 10 маңызды ережесі» Айболит кеңестері. «Ата-аналардың көзімен мектеп» сауалнамасы. Мақсаты: ата-аналардың МДҰ-да білім беру қызметтерін көрсету сапасы туралы пікірін зерделеу	«Тұмау және ЖРВИ алдын алу» көрнекі ақпарат Мақсаты: денсаулықты нығайту мәселелерінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру. Жеке консультациялар: «Иммунитетті нығайту», «Баланы қысқы серуенге дайындау»	«Біз баланы қысқы серуенге дайындаймыз» ата-аналармен әңгімелесулер